

#ЖаңаҚазақстан

Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқыңның алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!



ОТАНДЫ СҮЮ – ИМАННАН

8

ИННОВАЦИЯ



ТІЛМАШ РОБОТТАР МЕН ТЕЛЕФОНДАР

6

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 19 тамыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА I компонентпен

1 217 378

II компонентпен

1 190 831

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 19 тамыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА I компонентпен – **10 814 228** адам, II компонентпен **10 550 484** адам вакцина салдырды. Ревакциналандығандар саны – **5 373 636**

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

20.08.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: **3-8 м/с**

21.08.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: **2-7 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №96 (6231) 20 тамыз, сенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ: НАҚТЫ ШЕШІМДЕР БАР!



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев тұрғындармен кезекті кездесуін өткізді

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Наурызбай ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан келіп түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Кездесуге 250-ден астам адам келді.

4-5

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ қаражаты түйінді мәселелерді шешуге жұмсалады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Кеше Алматы төрінде «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішевтің, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаевтың қатысуымен «Дөңгелек үстел» өтті.

Қалалық әлеуметтік сала құрылымдарының басшылары, қоғамдық ұйымдардың (ҮЕҰ), «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы өкілдері, қалалық кәсіпкерлер, қалалық мәслихат депутаттары, сондай-ақ ЖОО ректорлары қатысқан алқалы жиында сөз сөйлеген Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев аталған қордың қоғам үшін мән-маңызын баса атап өтті.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Сочи қаласына барды.
- Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті.
- Шаһар басшысы Ерболат Досаев TAV Airports Holding басшылығымен кездесті.
- Алматыда Қала құрылысының кеңесі құрылды.
- Мегаполисте 36 спорт секциясы мен үйірме тегін жұмыс істейді.
- Қазақстан мектептері 5 күндік оқу аптасына көшеді.
- Мәслихат депутаты Алматыда қоғамдық орында түкіретіндерді жазалауды ұсынды.
- Жеңілдетілген автотонесие бойынша тағы 10 миллиард теңге бөлінді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

2



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев «Шеврон» компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы және бас атқарушы директоры Майкл Уиртти қабылдады.

Кездесуде «Шеврон» компаниясының Қазақстанмен алдағы уақыттағы өзара іс-әрекетінің негізгі аспектілері және бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Президент «Теңізшевройл» компаниясының қосымша 2,6 миллиард текше метр газды ішкі нарыққа бағыттау туралы шешімін құптады. Сондай-ақ, «Шеврон» компаниясының мұнай-химия саласындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қатысу перспективалары мен Қарашығанақ кен орнының өндіріс қуатын одан әрі кеңейтудің жоспары қарастырылды.

■ СЕНАТ

ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев еліміздің астанасында ұйымдастырылған Орталық Азия елдері волонтерлері форумы пленарлық сессиясының ашылу салтанатында сөз сөйледі.

Форумға Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстан елдерінен халықаралық сарапшылар, үкіметтік емес және волонтерлік ұйымдардың өкілдері келді. Сондай-ақ, Әзербайжан, Армения, Грузия, Ресей және Түркия елдерінен келген делегациялар қатысты.

– Біздің елде волонтерлік іс мақсатты және жүйелі негізде дамып келе жатыр. Мемлекет бұл бағытқа жіті көңіл бөліп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды Волонтерлер жылы деп жариялауы елімізде волонтерліктің дамуына қуатты серпін берді. Қазақстан Президентінің волонтерлікті қолдау туралы бастамасы сол кезде басталған пандемияны ескере отырып, уақытылы қабылданған маңызды шешім болды. Шын мәнінде, еріктілер медицина қызметкерлерімен бірге коронавируспен күрестің алдығын шебінде жүрді. Волонтерлер көмекке мұқтаж адамдарға қолдау көрсетіп, ауқымды жұмыс атқарды. Сол кезде батылдық танытып, қажырлы еңбек еткен барша еріктілерге тағы да алғыс білдіреміз. Волонтерлер қоғамда тәртіптің жаңа үлгісін қалыптастыратын адамдар. Ол – жауапкершілік пен қамқорлықтың үлгісі. Сіздердің жұмыстарыңыз жақсылық пен мейірімділікке деген сенімді күшейтеді. Киын жағдайда көмек қолын созатын, жүрегі кең жандардың табылатынына сену адамға ерекше рух береді. Осындай құндылықтарды дәріптей отырып, сіздер бүкіл қоғамды өзгертесіздер. Сондықтан елдегі волонтерліктің деңгейі қоғамның кемелдену көрсеткіші деп айтуға толық негіз бар, – деді Сенат төрағасы.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Қазақстанның кедендік инфрақұрылымын жаңғырту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Онда шекаралық өткізу бекеттерін жаңғырту мәселелері талқыланды.

2022-2023 жылдары – «Достық авто», «Достық т/ж», «Май-қапшағай», «Бақты», «Қалжат», «Тәжен», «Қапланбек», «Темір Баба», ал 2023-2024 жылдары – «Атамекен», «Қазығұрт» және БДБ өткізу бекеттері жаңғыртылатын болады. Нәтижесінде олардың өткізу қабілеті 8 есеге дейін ұлғайып, өту уақыты 2 сағаттан 25 минутқа дейін қысқарады. Сонымен қатар, бизнес-процестерді автоматтандыру, кедендік бақылауды орталықтандыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шараларды қолға алу жоспарланған.

■ МИНИСТР

Жаңа оқу жылынан бастап мектептер бес күндік жұмыс форматына көшеді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов мәлімдеді.

«Біз шешім қабылдадық, келесі жылдан бастап үш ауысымда оқитын мектептерді қоспағанда, барлық мектеп бес күндік жұмыс форматына көшеді. Бұл мектеп директорларына, мұғалімдерге, барлық қызметкерге қатысты. Мұғалімдер сенбіде демалып, балаларымен бірге болуы керек деп есептейміз.

Бұл ретте еңбек демалысы төлеміне қатысты сұрақ туындауы мүмкін. Аталған мәселе еңбек демалысы төлеміне әсер етпейді. Демалыс уақыты – 56 күн – өзгеріссіз қалды», – деді А.Аймағамбетов Тамыз конференциясы барысында.

Министр директорлардан сенбіде әдістеме күндерін өткізбеуді немесе «басқа да жолмен мұғалімдерді жұмысқа шақыруға тырыспауды» сұрады.

«Бұл тәжірибені тоқтату керек. Мұғалімдер, мектеп директорлары бес күн ғана жұмыс істеуі керек. Білім бөлімдерінде де, мектепке дейінгі ұйымдарда да», – деді ол.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ

ӘУЕ ҚАҚПАСЫ ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРІЛМЕК

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
TAV Airports Holding басшылығымен кездесті



Шаһар басшысы TAV Airports Holding жаңа бас директоры Серкан Каптан және Алматы халықаралық әуежайы басшылығымен кездесуі барысында жаңа терминалдың ағымдағы құрылысы бойынша мәселелер талқыланды. Тараптар бұдан былай да өзара ынтымақтастыққа дайын екендіктерін білдірді.

ҚАУЛЫ

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ КЕҢЕСІ ҚҰРЫЛДЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алматының Қала құрылысы кеңесін құру туралы қаулыға қол қойды

Биыл 30 маусымында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алматы қаласының айрықша мәртебесі туралы» ҚР Заңына, оның ішінде Қала құрылысы кеңесін құру туралы ережені қамтитын түзетулерге қол қойды. Кеңестің міндеті – қала құрылысы саясатын іске асыру кезінде шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру және қаланың орнықты және теңгерімді дамуын қамтамасыз ету. Өзгерістер алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 60 күн өткен соң, яғни 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

1 тамызда Алматы қаласының әкімі Е.Досаевқа қала құрылысы кеңесін құру жөніндегі құжаттардың жобасы ұсынылды және қаулыны, ережені әзірлеу және оның құрамын бекіту жөніндегі рәсімдер басталды. Тиісті қаулыға қала әкімі қол қойды.

Құжат арқылы Алматы қаласы әкімдігі бекітетін 23 адамнан аспайтын кеңестің құрамы, сондай-ақ функциялары, өкілеттіктері, құрылымы мен жұмыс тәртібі бекітілді. Қала құрылысы кеңесінің мүшелері – сәулет, қала құрылысы, урбанистика, көлік, инклюзия, экология, креативті экономика, әлеуметтану, экономика және т.б. салалардағы сарапшылар. Сонымен қатар, кеңес отырыстарына қаралатын мәселелердің ерекшелігіне байланысты шақырылған өзге сарапшылар да қатыса алады.

Алматының Қала құрылысы кеңесі іске асыруға ұсынылатын қала құрылысы және сәулет жобалары бойынша шешімдерді ашық талқылау және қабылдау үшін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ КЕҢЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ:

- қала аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында шешімдер қабылдау кезінде мемлекеттік саясатты іске асыруда жергілікті атқарушы органдарға жәрдемдесу;
- тұрғын үй, қоғамдық, коммуналдық-өндірістік және өнеркәсіптік кешендердің эскиздік және жұмыс жобалары, қоғамдық аумақтарды, саябақтарды, скверлерді, бақтарды, бульварларды, арнайы аймақтарды қайта құру жобалары, әртүрлі мақсаттағы еске гимараттар, инженерлік және көліктік инфрақұрылым желілері мен құрылыстары, өнер объектілері, тарих, сәулет мәдениеті ескерткіштері бойынша ұсынымдарды қарау және әзірлеу;
- Әл-Фараби даңғылынан жоғары қала құрылысы және жалпы құрылыс жобаларын қарау;
- мәдени мақсаттағы объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жобаларды қарау;
- тұрғын үй қорын реновациялау бойынша жобаларды қарау.

«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ

қаражаты түйінді мәселелерді шешуге жұмсалады



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

(Басы 1-бетте)

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішев жиналған қауымды алдымен қордың қызметімен таныстырып, іске асырылып жатқан тың бағдарламалар, жобалар туралы кеңінен әңгімеледі. Бұл басқосудың алдағы уақытта, дәлірек айтсақ, қыркүйек айында өтетін Ұлттық қайырымдылық конференциясына дайындық жұмыстары шеңберінде өткізіліп отырғанын

тілге тиек етті. Конференцияда қордың толықтырылған жаңа Тұжырымдамасы (Концепциясы) және бағдарламалары мен жобаларының проспектісі қабылданады деп күтілуде.

Басқарма төрағасының айтуынша, «Қазақстан халқына» қорындағы қаражат барлық өзекті мәселелерді түгел шешіп тастауға жетпейді. Сондықтан бірінші кезектегі түйінді міндеттерді нақтылауымыз керек. Олардың қатарында атаулы білім гранттары да бар.

– Atamekenim.kz сандық платформасына жұмыс істеп жатқан студенттерден, олардың ата-аналарынан 1500-ге жуық өтінім келіп

түсті. Онда олар оқу ақысын төлеуге көмектесуді сұрайды. Мысалы, көру қабілеті нашар және бүйрек дертіне шалдыққан I топтағы мүмкіндігі шектеулі студенттен өтінім келіп түсті. Гемодиализ арқылы өмір сүріп жатқан қыз. Ол қорға ЖОО-да оқу ақысының қалғанын төлеп берсеңіздер деген өтінішпен шықты. Дәл осындай өтінімдер «Қазақстан халқына» ҚҚ білім гранты бағдарламасын іске қосуға негіз болды, – деді Болат Жәмішев.

Оның айтуынша, бакалавриат бағдарламасы бойынша студенттер мен талапкерлерге барлығы 2350 грант бөлінеді.

Қордың басқарма төрағасы бастапқыда

360 грант бөлу жоспарланғанын, бірақ өтініштердің көп болуына байланысты бұл сан ұлғайғанын атап өтті. Қор есебінен оқитын студенттерге 40 мың теңге көлемінде шәкіртақы белгіленген. Талапкерлер үшін білім беру гранттары мен стипендияларының саны әрбір ЖОО-ға 10 грантқа дейін ұлғайтылды. Ұлттық жоғары оқу орындарына 20-ға дейін грант беріледі. Бағдарламаға 79 ЖОО қатысады, оның 27-сі Алматыда орналасқан.

Болат Жәмішевтің айтуынша, шешілмеген және шешімін күткен мәселелер аз емес. Бірақ қорда өтініштерге баса назар аударылады.

Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылдың 11 қаңтарында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау салаларындағы мәселелерді шешу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қор құруды тапсырған болатын.



МӘМС

БАЛАЛАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТЕГІН



Биыл елімізде мектеп оқушыларын профилактикалық тексеруден өткізуге және сауықтыруға 26,1 млрд теңге қарастырылған. Тегін медициналық қызметті балалар медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан медициналық ұйымдардан ала алады.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

2020 жылы мектеп медицинасы жеке қаржыландыра бастады. Сол жылы бұл салаға 18,5 млрд теңге, ал 2021 жылы 22,2 млрд теңге бөлінген болатын. Биыл бұл көрсеткіш әлдеқайда молырақ.

Балалардың денсаулығы бәрінен маңызды. Сондықтан балалар жеңілдік алушылар санатында және мемлекет есебінен МӘМС-да сақтандырылған.

«Бұрын мектеп медицинасы учаскелік қызметке бөлінген қаражат есебінен қаржыландырылатын. МӘМС жүйесін енгізу арқылы ол жеке позицияға шығарылды. Бұл

мектеп жасындағы балаларды алдын ала дәрігерлік тексерістен өткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, кәсіби медициналық тексерістен өткен балалардың арасында қандай да бір аурулар анықталса, оларды Д-есебіне тіркеуге, барлық стандарттардың сақталуын бақылауға ерекше назар аударылады», – делінген хабарламада.

Осы жылы сақтандыру қоры білім беру ұйымдарында медициналық қызмет көрсететін 436 емханамен 26,1 млрд теңгеге жуық сомаға шарт жасады. 2020 жылы мектеп медицинасының қызметін 417 медициналық ұйым, 2021 жылы – 430 медициналық ұйым көрсеткен болатын, шарттардың құны 22,2 млрд теңгені құрады. Алдын ала жасал-

ған қорытынды бойынша, 2022 жылдың 1 тоқсанында мектеп медицинасы шамамен 6,4 млрд теңгеге қызмет көрсетті.

Қорда атап өткендей, мектеп медицинасының мәні – білім беру ұйымдарындағы балаларды қажетті медициналық қызметтермен қамтамасыз ету. Бұл жұмыс мектеп немесе балабақша орналасқан аумаққа қарасты емхана жауапкершілігінде болады. Ол үшін мектепте медицина қызметкерінің жабдықталған кабинеттері бар арнайы қызмет құрылады. Профилактикалық тексеру немесе вакцинация жүргізу үшін мектепке (немесе балабақшаға) тиісті профильдегі дәрігерлер келеді. Мұндай іс-шаралар алдын ала жоспарланады және ата-аналар олар туралы хабардар етіледі.


«Мектеп медицинасының тарифіне вакцинация, жыл сайынғы профилактикалық тексеру, тіс дәрігерінің тікелей оқу орнында өткізілетін тексеруі кіреді. Сондай-ақ, оқу орнындағы дәрігерлер балалардың салауатты өмір салтын ұстануы бойынша іс-шаралар өткізеді. Егер кәсіби тексеру кезінде патология анықталған болса, онда бала тіркелген жері бойынша емханаға тереңдетілген медициналық тексеруге жіберіледі. Балалардың вакцинациялауы ата-аналарының келісімімен Ұлттық егу күнтізбесі бойынша жүргізіледі. Шұғыл жағдайларда медициналық пунктте жедел жәрдем бригадасы келгенге дейін балаларға алғашқы көмек көрсетіледі», – делінген хабарламада.

Осылайша мектеп медицинасы мектеп оқушыларының денсаулық жағдайын үздіксіз бақылауды қамтамасыз етуге және қажет болған жағдайда уақытылы алғашқы көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТ АЛУ ЖЕҢІЛДЕДІ

Енді сот залындағы шағымдар мен арыздарға eGov мобильді қосымшасы арқылы қол қоюға болады. Ол туралы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқарма төрағасы, электрондық үкіметтің инфокоммуникациялық инфрақұрылымының және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік жүйесінің операторы Ростислав Коняшкин айтты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мемлекеттік кәсіпорын орталық және өңірлік мемлекеттік орындардың ақпараттық жүйелеріне жүйелік және техникалық қызмет көрсетуді де қамтамасыз етеді.

Р.Коняшкиннің айтуынша, еліміздегі ең танымал мобильді қосымша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот кеңсесінде

QR кодын сканерлеу арқылы олардың веб-сайтына кіруге және құжаттарға қол қоюға мүмкіндік береді.

«Жаңа опция Office.sud.kz сайтында шағымдарға, арыздарға, сенімхаттарға, хаттарға қол қоюға, сондай-ақ, үйден шықпай-ақ eGov мобильді қосымшада QR кодын сканерлеу арқылы осы ресурсқа кіре аласыз. Мемлекеттік қызметтерді алу тарихында мұндай жағдай бұрын-соңды болмаған. Мұны ұялы

телефондағы eGov мобильді қосымшасының қарқынды дамуы деп санаймыз», – дейді сарапшы.

Жаңа мүмкіндіктерді пайдалану үшін eGov мобильді қосымшасындағы авторизацияға кіресіз. Егер қосымшаға бұрын тіркелген болса, авторизацияны Face ID, Touch ID немесе қысқа код арқылы енгізу керек. Әрі қарай, сот кеңсесінде «QR арқылы қол қою» тармағын таңдап, eGov mobile негізгі бетіндегі жоғарғы оң жақ бұрыштағы «ақ шаршы» түймесін басыңыз. Соңғы қадам – eGov QR сканерлеу және оған қол қою. Экрандағы сұрау сәтті өңделгеннен кейін ұялы телефонда «Қол қойылды!» көрсетіледі.

Ростислав Коняшкин eGov мобильді электрондық үкіметінің мобильді қосымшасы App Store платформаларында қолжетімді екенін еске салды.

Өздеріңіз білетіндей, бүгінде eGov mobile-да 400-ге жуық мемлекеттік қызмет, сондай-ақ электрондық лицензия порталында жеке тұлғаларға арналған 250 қызмет қолжетімді. Интернет арқылы түрлі рұқсат құжаттарын алуға мүмкіндік беретін электронды жүйені ай сайын 2,4 миллионға жуық қазақстандық белсенді пайдаланады. Электронды лицензия айына 50 мыңға жуық мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Бағдарламада бірнеше бөлім бар. «Цифрлық құжаттар», «Өмірлік жағдайлар», «Қызметтер» (бөлек eGov.kz және e-Лицензия қызметінің каталогы), «Хабарламалар» және т.б. сізге қажетті құжатты немесе қызметті оңай табуға көмектеседі.

ӘДЕП

Мәдениет – тазалықтан басталады

Алматыда қоғамдық тазалықты сақтауға байланысты тың бастама көтерілді.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Бұл бастамаға мұрындық болған Алматы қалалық мәслихаты депутаты, белгілі журналист Сергей Пономарев. Ол өзінің игі ойын күнделікті қоғамдағы мәдениеттің артуына негіздеп отыр. Депутат қала тұрғындары мен қонақтарын қоршаған ортаға бей-жай қарамауға шақырды. Сондай-ақ, ол жас ұрпаққа қоршаған ортаны аялауды, қоғамды құрметтеуді, қаланы ластамауды насихаттау қажеттігі жайлы айтты.

– Біз күнделікті өмірде көп нәрсеге мән бере бермейміз. Кейде көзге қарапайым секілді көрінген дүниелер өте маңызды болып шығады. Бірде таксиде келе жатырмын. Жүргізуші түкіруге оқталды. Бұл маған оғаш көрінді. Сондықтан қоғамдық мәдениет, тазалық мәселесіне өз тарапымнан үн қосуды жөн санадым, – деді С.Пonomарев.

Спикер аталған мәселенің салмағын арттыра түсу үшін бірқатар ұсыныстарын да айтты. Ол қоғамдық тазалық мәселесін шешуде шетелдік тәжірибені қолдануға болатындығын жеткізді.

– Мәселе көтерілгеннен кейін оның шешу жолдарына да үйілген жөн. Дәлірек айтқанда, қоғамдық тәртіпті сақтамай, жөн-жосықсыз заңды бұзған адамға алғашында ескерту беріп, оған көңбесе айыппұл салуды қарастырған абзал. Мұндай әрекеттің бәрі әкімшілік құқық бұзушылық тарапынан қарастырылғаны жөн. Ешкім жұртты жаппай жауапқа тартуды көздемейді. Басты мақсат – тұрғындарды қоғамдық мәдениетке, тазалыққа шақыру, – деді С.Пonomарев.

ЖАҢАЛЫҚ

ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Алматыда электрсамокаттарды жүргізу тәртібін үйрететін мектеп ашылды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы халықаралық Whoosh компаниясымен бірге Алматыда электрсамокат жүргізуді үйрететін мектеп ұйымдастырды.

Тәжірибелі мамандар қала тұрғындары мен қонақтарына айтылған шағын электркөлікті жүргізуді үйретеді. Мектептің мекенжайы Тимирязев және Әуезов көшелері қиылысындағы «Атакент» Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығының кіреберісіндегі алаңда орналасқан. Барлық көмелет жасына толған азаматтар осы мекенжайға барып, тегін түрде электрсамокат жүргізуді үйрене алады.

Қала тұрғындары айтылған мектепке барып, тек дұрыс жүруді үйреніп қоймайды, сондай-ақ дұрыс тоқтау, электрсамокат үшін жақсы тұрақ табу, шағын көлікке арналған жол жүру ережелерімен танысу сынды мәселелерге кеңес алады.

Электрсамокат мектебі – қалалық ортада электрсамокаттарды басқару этикасы мен мәдениетін қалыптастыру, жағымсыз жағдайлар мен жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында ұйымдастырылды.

– Электрсамокат жүргізушілердің арасында ең жиі кездесетін екі қателік бар. Біріншісі, ол өзі шағын көлікке екі адам отыру. Электрсамокат бір адамға арналып жасалған. Оны екі адамның мінгесіп жүргізуі – екі жолаушы үшін де қауіпті әрі ынғайсыз. Екіншісі, жаяу жүргіншілер белгісімен жолдан өткенде самокаттан түспеу. Бұл қателік жиі қайталанатын. Қаладағы көлік жүргізушілері бұрыштан жылдамдықпен келген электрсамокатқа тоқтап үлгермейді. Сондықтан жолдан өткенде самокатты жетектеп, жаяу өткен жөн, – деді Whoosh компаниясының халықаралық коммуникациялар жөніндегі басшысы Даниил Капкан. Сонымен қатар, халықаралық компанияның бөлім басшысы Алматыдағы электрсамокат пен велосипедке арналған жолдарды жоғары бағалады:

– Біздің электрсамокаттар ТМД-ның 3 елінде бар. Сондықтан өз тәжірибемізден Алматыда арнайы велосипед және самокат жолдарының болуы өте жақсы деп айта аламыз. Әрине, кейбір қалаларда мұндай шағын көліктерге арналған инфрақұрылым онжылдық ішінде жасалып келеді. Алайда, Қазақстанда электрсамокаттарға сұраныс пайда болғанына көп болмады. Осындай аз уақыт ішінде Алматыда инфрақұрылым жасалуы қуантады. Жақын уақыттан бері қала көшелерінде электрсамокаттардың тұрағына арналған арнайы жол белгілері қойылды бастады, – деді ол.



Наурызбай ауданы:

НАҚТЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев тұрғындармен кезекті кездесуін өткізді

(Соңы Басы 1-бетте)

Қала әкімі Ерболат Досаев атап өткендей, ауданның негізгі өзекті мәселесі халықты сумен қамтамасыз ету болып қала береді. Бұл өткір проблеманы шешу үшін қазіргі уақытта Қарғалы су қоймасының құрылысы аяқталып, «Ақсай» су қоймасының құрылысы басталды. Қарғалы бойынша жұмыстар 80%-ға аяқталды, 12 нысан салынды. «Іле Алатауы» паркі аумағында қосымша рұқсат құжаттарын алу қажет болғандықтан, құрылыс уақытша тоқтатылған. Бүгінде жұмыстар қайта жанданды. Объектіні келесі жылдың 3-тоқсанында тапсыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, «Ақсай» су қоймасы бойынша конкурстық процедуралар аяқталды. Жобаның құрылыс-монтаждау жұмыстарына ақша бөлініп, мердігер ұйым – «Integra» компаниясы, қазір құрылыс жұмыстарын бастап кетті. Су қоймасының құрылысы 2025 жылдың 3-тоқсанында аяқталады деп күтілуде.

Айтылған жұмыстарға қоса, аудан көлемінде су құбыры мен канализация желілерін жобалау және салу жұмыстары жүріп жатыр. Қазіргі таңда 5 шағынауданда ұзындығы 195 шақырым су құбыры және канализация желілері тартылды. Ал «Ақжар», «Таусама-лы», «Шұғыла» шағынаудандарында құрылыс жүріп жатыр. Оның ішінде жоспарланған 30 шақырым су құбыры және канализация желілерінің 19 шақырымы салынды. Қалған 11 шақырым 2023 жылдың маусым айына дейін аяқталады. Сондай-ақ, 3 шағынаудан бойынша ұзындығы 135 шақырым су құбыры және 132 шақырым канализация желісінің жобалау-сметалық құжаттамасы дайындалуда. Яғни «Қарағайлы» шағынауданында 25 шақырым су құбыры және 22 шақырым канализация желілері, «Ақжар» шағынауданында 20 шақырым су құбыры және 20 шақырым канализация желілері, «Тастыбұлақ» шағынауданында 90 шақырым су құбыры және 90 шақырым канализация желілері салынады.

«Ақжар» және «Қарағайлы» шағынаудандарының құжаттары желтоқсан айында мемлекеттік сараптамадан шығады, құрылыс 2023 жылдың 2-ші тоқсанында басталуы керек. Ал жоспар бойынша «Тастыбұлақ» шағынауданының сараптамасы келесі жылдың наурыз айында шығып, құрылыс 3-тоқсанда басталамақ.

Шаһар басшысы мінбердегі сөзі кезінде «Ақжар» шағынауданын сумен қамтамасыз ету үшін осы жазда Алматының жерасты су қорларынан су тарту үшін сорғы станциялары мен магистральдық су құбырын салу туралы шешім қабылдағанын айтты. Әкімнің айтуынша, Алматының батыс бөлігін сумен қамтамасыз ету үшін «Виват» компаниясы желтоқсан



айына дейін ұзындығы 34 шақырым батыс канализация коллекторының жобалау-сметалық құжаттамасын аяқтауды жоспарлап отыр. Содан кейін осы жобаны қаржыландыру мәселесі пысықталады (шамамен құны – 58 млрд теңге).

НАЗАРДА – ЖОЛ ЖӨНДЕУ МӘСЕЛЕСІ

Қала басшысы кездесуге келген тұрғындарға жол жөндеу жоспары мен осы бағытта істеліп жатқан жұмыстар барысын да таныстырып өтті. Әкімшілік тапсырмасымен ауданда жол сапасын арттыру мақсатында «Таусама-лы», «Тастыбұлақ» шағынаудандарында ұзындығы 10 шақырым болатын 6 көше орташа жөндеуден өткен.

– Жалпы, биыл «Ақжар», «Тастыбұлақ», «Шұғыла» шағынаудандарында ұзындығы 49 шақырым болатын 50 көшені жөндеу және салу жоспарланған. Осы жұмыстар қарашаға дейін аяқталады, – деп нақтылап өтті қала әкімі.

Шаһар басшысы атап өткендей, жауын-шашын кезінде су басу мәселесі ауданда қазірде өзекті болып тұр. Сондықтан аудан бойынша тұрақты су басудың 6 учаскесі анықталды. Мәселені толық шешу үшін, ТЖ желісі бойынша жыл соңына дейін Ойжайлау өзенінің арнасы нығайтылады, Райымбек даңғылы бойымен Ақсай өзеніне дейін бұру каналы жайластыры-

лады, ұзындығы 800 метр арық желісі салынады.

ЖҮРІС-ТҰРЫС ЖЕҢІЛДЕДІ

Ерболат Досаев алдыңғы кездесу негізінде 3 маршрут: барлық базарынан Абай саяжайларына Карьерная көшесі бойынша №31 мен №67 және Момышұлы метро станциясын қамти отырып №110 бағыттары ұзартылғанын айтып өтті.

Сондай-ақ, қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 3 бағыт жаңарған. Автобустар саны №44 маршрут бойынша 12-ден 14-ке

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

- Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Наурызбай ауданы халқымен алғашқы кездесуінде «Ақжар», «Тастыбұлақ» және «Шұғыла» шағынаудандарының тұрғындары Әшімов, Таутаған және тағы басқа көшелерді жөндеуді сұрағанын еске салды. Сондықтан мегаполис әкімінің тапсырмасымен айтылған көшелерді жөндеу жұмыстары мамыр айында басталған. Қазір «Ақжар» шағынауданындағы 19 көшеде ұзындығы 4,5 шақырым көше-жол желісінің құрылысы аяқталды.

СҰРАҚ-ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданында орындалған жұмыстар мен алдағы уақытта істелетін жобалар жайлы баяндамадан соң, аудан тұрғындарын мазалаған сұрақтарға жауап берді.

Ең алғашқы сұрақтардың бірін Жұмабек Тоқаев есімді тұрғын қойды:

– «Ақжар» ықшамауданында салынып жатқан «Жайсаң» тұрғын үй кешенін бұзу туралы қалалық сот шешім шығарды. Бұл үйлерді аламыз деп отырған 700–800 отбасының көз жасына қалмай, айтылған мәселені оң шешіп беруіңізді сұраймыз.

Шаһар басшысы өз жауабында барлық мәселенің тек заңды түрде шешілетінін және бірде-бір заңсыз салынған үйдің қолданысқа берілмейтінін айтты.

– Біз Жаңа Қазақстан құру жолындамыз. Осы жолдағы ең басты мәселе – әділетті болу. Ал «Жайсаң» тұрғын үй кешенін салып жатқан құрылыс компаниясы өз жұмыстарын ешқандай құжатсыз бастады. Сондықтан қалалық сот тұрғын үй кешенін бұзу туралы шешім шығарды. Барлық мәселе заңды шешілу керек. Мен сот шешімін өзім жоққа шығара алмаймын. Егер қазір бір компанияның заңсыз құрылысына көз жұма қарасақ, ертең басқа кәсіпкерлерде заңсыз жұмыстарды ойланбай істейтін болады, – деді Е.Досаев.

«Қарағайлы» шағынауданының тұрғыны өз мекенжайындағы бірнеше мәселені көтере отырып, олардың оң шешімін табуды өтінді.

– «Қарағайлы» тұрғындарын су мәселесі кинап тұр. Су қысымы өте әлсіз, кейді тіпті болмай қалады. Екіншіден, шағынауданымыздың ақсақалдары біріге алатындай бір кабинет болса деп едім. Сондай-ақ, амбулатория салынады деп еді, осы мәселе не болды? Сұрағымның соңында, Қарғалы деп қате жазылып кеткен атауларды Қарағайлы деп қайта өзгертулеріңізді сұраймын, – деді тұрғын.

– Иә, жалпы аудан бойынша тұрғындарды сумен қамтамасыз ету – өткір мәселе. Бірақ біз айтылған сұрақты шешу үшін тиісті жұмыстар істеп жатырмыз. Бірақ бұл жолы кішкене кідіріп қалдық. Себебі, қосымша ғимарат салу үшін Қарасай ауданынан рұқсат алғанбыз. Нақты айтқанда, қағаздарымызды ішіденің соңында алдық. Қара-

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР – ӘКІМ НАЗАРЫНДА



жат бар, 6,6 млрд теңге бөлінген, 4,2 млрд теңгенің жұмыстарын өткіздік. Алдағы жылы бәрі орынды болса, қалған жұмыстарымызды бітіреміз. Қалған сұрақтарыңыз бойынша, өзеннің атын өзгерту туралы ономастика мамандарына тапсырма беремін, өтінішіңізді қарастырып көреді. Ал ақсақалдарға кабинет табуға аудан әкіміне тапсырма беремін. Сіздерге жиналатын орынды жақын уақытта тауып береді. Сондай-ақ, амбулатория жайлы баяндама кезінде айтып

өттім. Осы аймақта 6 га жерге үлкен емхана салынады, – деп жауап берді қала басшысы.

«Қарағайлы» шағынауданының тағы бір тұрғыны аудан ішінде жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту кезіндегі қиындықтардан хабар берді.

– 2014 жылы қалаға Қарасай ауданының көп жері қосылды, онда біздің «Қарағайлы» да бар. Қалаға жаңадан қосылған соң, біздің қолымызда шаруа қожалығы туралы



ШЕШІМДЕР БАР!



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

ғы 1200 орынды және «Шұғыла» шағынауданындағы 1600 орынды 2 мектептің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге конкурс жариялау үшін құжаттар дайындалып жатқанын хабарлады. Құрылыс 2023 жылдың 2-тоқсанында басталады деп жоспарланған.

Сондай-ақ, «Шұғыла» шағынауданындағы №174 мектепке 375 орынды қосымша құрылыс салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Бұл жұмыс осы жылдың желтоқсан айына дейін аяқталуы керек. Құрылыс-монтаждау жұмыстары келесі жылдың 2-тоқсанында басталады.

Ал балабақшадағы орын тапшылығын азайту мақсатында «Шұғыла» шағынауданында 320 орынды балабақша құрылысы басталған. Әкімшілік жоспары бойынша құрылыс 2023 жылдың 2-тоқсанында аяқталады. Сондай-ақ, «Нұрлы Дала» кешеніндегі 320 орынды балабақша бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленген. Құрылыс-монтаждау жұмыс-

тары 2023 жылы 2-тоқсанда басталады деп күтілуде.

Бұдан басқа, шаһар басшы 3 балабақшаның жобалау-сметалық құжаттамасы бойынша конкурс жариялау үшін құжаттар дайындалып жатқанын айтты. Олар

■ «Қалқаман» шағынауданы, Абай даңғылындағы 240 орынды балабақшаның құжаттамасы сараптамадан шамамен келесі жылы тамыз айында шығады, құрылыс-монтаждау жұмыстары ендігі жылы 3-тоқсанда басталады.

■ «Құрамыс» шағынауданындағы 320 орынды балабақша. Мемлекеттік сараптама қорытындысы 2023 жылдың май айына жоспарланған, құрылыс-монтаждау жұмыстары 2023 жылдың 3-ші тоқсанында басталады.

■ «Шұғыла» шағынауданындағы 240 орынды балабақшаның сараптама қорытындысы айында шығады. Құрылыс келесі жылдың 2-тоқсанына жоспарланып отыр.

ЖАҢА ЕМХАНАЛАР САЛЫНАДЫ

Қала әкімінің айтуынша, ауданда емханалардың шамадан тыс жүктелуі мәселесі өткір тұр:

– Ауданның жоғарғы бөлігінде емдеу мекемелері жоқ. Сондай-ақ, инфрақұрылымды дамытудың жылдам қарқынын және аудан халқының жыл сайынғы 10–12 мыңға өсуін ескере отырып, Алматы қаласының әкімдігі 500 келушіге арналған 2 жаңа емхана мен 200 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория салуды жоспарлап отыр – деді Е.Досаев.

Оның айтуынша, «Ақжар» шағынауданында 200 орынды дәрігерлік амбулатория құрылысына ЖСҚ (жобалау-сметалық құжаттама) әзірленуде. Ағымдағы жылдың желтоқсан айында мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынады деп күтілуде. «Құрамыс» шағынауданында емхананың ЖСҚ әзірленген, оның мемлекеттік сараптама қорытындысы осы жылдың қараша айында алынбақ. Құрылыс 2023 жылдың 2-тоқсанында басталады. Ал «Шұғыла» шағынауданында емхананың ЖСҚ әзірлеуге конкурс жариялау үшін құжаттама дайындалуда. Оған мемлекеттік сараптаманың қорытындысын 2023 жылғы желтоқсан айына дейін алу жоспарланған.

АУДАН АЙМАҒЫ КӨРКЕЙЕДІ

Әкім баяндама барысында абаттандыру мен қауіпсіздік мәселесіне де тоқталды. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы шеңберінде биыл қала басшысының тапсырмасы бойынша қаржыландыру көлемі 600 млн теңгеге, яғни жалпы көлемі 1 млрд 800 млн теңгеге дейін көбейтілді.

– 47 жоба таңдап алынды, оның ішінде 20 жоба аяқталды. Қалған 27-сі қазан айының соңына дейін аяқталады. Осы жобалар шеңберінде балалар, workout алаңдары, спорт аймақтары, жаяу жүретін және парк аймақтары салыну қажет, – деді шаһар басшысы. Сондай-ақ, Е.Досаев бұл жоба келесі жылы жалғасатынын айтты:

– Келесі жылы бағдарламаны жалғастырамыз, сіздерден 129 жобалық ұсыныс түсті, дауыс беру нәтижесі бойынша келесі жылдан бастап іске асырылатын болады, – деді ол.

Өз баяндамасының соңына қарай қала әкімі ауданда қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бейнебақылау камераларымен қамту мақсатында барлық әлеуметтік объектілерде, сондай-ақ адам көп жиналатын жерлерде желтоқсан айына дейін 300 видеомониторинг жүйесі орнатылатынын хабарлады.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Қарғалы су қоймасының құрылысы 80%-ға аяқталды, барлығы 12 нысан салынды. Қолданысқа 2023 жылдың үшінші тоқсанында беріледі.



«Таусамалы», «Тастыбұлақ» шағынаудандарында ұзындығы 10 шақырым болатын 6 көше орташа жөндеуден өтті. «Шұғыла», «Қарағайлы», «Қарғалы», «Құрамыс» шағынаудандарында ұзындығы 20 шақырым болатын 7 көше жөнделіп жатыр.



Бірінші қыркүйекте 2400 орынды 2 мектеп, нақты айтқанда – «Қалқаман» шағынауданында 1800 орынды №206 мектеп, «Қарғалы» шағынауданында 600 орынды «Заман» жекеменшік мектебі ашылады.



«Ақжар» шағынауданында 200 орынды дәрігерлік амбулатория салынады. «Шұғыла», «Құрамыс» шағынаудандарына 2 жаңа емхана салу жоспарланған.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

- Өткен кездесуде Алатау даңғылына шыға алмайтынын айтқан «Алма сити-5» тұрғындарының шағымы да қараусыз қалмай, мәселені шешу үшін жұмыс басталған. Осы учаскедегі жол құрылысын қыркүйекке дейін аяқтау жоспарланып отыр.
- Аудан тұрғындарының өтініші бойынша №31, №67 және №110 бағыттары ұзартылды. Сонымен қатар, №44, №55 және №137 маршруттарындағы автобус саны көбейтілді.
- Аудан тұрғындары тарапынан ең көп түскен өтініш – сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін қазіргі уақытта Қарғалы су қоймасы салынды және «Ақсай» су қоймасының құрылысы басталды.

қағаздар қалды. Метрополисте мұндай құжат болуы мүмкін емес қой. Қандай да бір құрылыс бастайын десең, Алматы қаласының жер қатынастары «жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгермеген» деп рұқсат бермейді. Осы мәселені шешіп берсеңіз, – деді сұрақ қоюшы.

– Алматының арнайы статусы туралы заңға Президент қол қойды. Заңнама осы айдың соңына дейін күшіне енеді. Содан кейін біз арнайы комиссия құрып осындай жиналыс қалған жерлердің сұрақтарын қараймыз. Қағазыңызды соған жіберуге болады. Жер комиссиясының мұндай сұрақтарды шешуге мүмкіншілігі жоқ. Комиссия бекітілген соң, жалғыз Наурызбай ауданы ғана емес, Алатау, Медеу, Бостандық аудандарындағы қосылған жер сұрақтарын сол комиссия басында қараймыз. Оған мәслихат депутаттары, басқарма басшылары кіреді. Сонда заңды шешім шығара аламыз. Комиссия қыркүйек айында құрылады, – деп нақтылады Ерболат Асқарбекұлы.

Шаһар басшысына кезекті сұрақтардың бірі «Арт спорт» бағдарламасына қатысты бағытталды.

– Мен көпбалалы анымын. 4 балам да «Арт спорт» бағдарламасына барады. Қыркүйектен бастап осы бағдарламаны қаржыландыру тоқтайды дейді. Оның себебі қандай?

– «Арт спорт» туралы бірнеше рет жауап бердім. Қазір тағы бір рет нақты түсіндіріп өтейін. Біз «Арт спорт» бағдарламасы үшін 5 млрд теңгені қыркүйек айына дейін бөлдтік. Әзірге қарастырылған қаражат 1 қыркүйекке дейін ғана жоспарланған. Ескерте кетейін, бұл жобаны әкімшілік бастаған жоқ. Үкімет тарапы «Арт спорт» туралы нақты шешім шығарып, өзгерістер енгізген соң, бізде жоба жайында шешім шығарамыз. Екіншіден, біз жергілікті осындай бағдарлама жасауды жоспарлап отырмыз. Оған да шешім керек, қазір бұл жобаларды тиісті органдарға өткізіп жатырмыз, – деді қала әкімі.

Наурызбай ауданының және бір тұрғыны көшелерге ат беруді өтінді.

– Біздің ауданда қайталанатын және мағынасы жоқ көшелер көп. Сол көшелерге жана атаулар ұсынсаңыздар бола ма?

– Ондай көшелер көп, олардың барлығын желтоқсан айына дейін жинап жатырмыз. Сол кезде бұл сұрақты жергілікті комиссияға шығарамыз, – деді шаһар басшысы. Оның жауабын Наурызбай ауданының әкімі Санжар Тоғай толықтырды:

– Қазір 18 көше бойынша сұрақты комиссияға шығардық, қалғанымен жұмыс істеп жатырмыз, – деді Санжар Тоғай.

Келесі сұрақта көше мәселесіне қатысты қойылды:

– Мен Кәрібай ақын көшесінің тұрғынымын. Біздің көшеде №39 автобус жүреді. Қозғалыс өте қарқынды, бірақ көше тар. Жаяу жүргіншілерге арналған жеке жол, не аялдама белгісі жоқ. Көпірден Қазыбек би көшесіне дейін 5-6 шақырым қашықтықта бірде-бір аялдама көрмейсіз. Осы мәселелерді шешіп, көшеде біржақты қозғалыс жасауды сұраймыз.

Айтылған сұраққа Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы басшысы Ғани Мырзаханов жауап берді.

– Бұл көшелер шынымен де тар. Сондықтан жаяу жүргіншілерге арналған жеке жол жасауға мүмкіндік жоқ. Бірақ біз сіз айтқан көшелерге тағы бір рет барып, қарап көреміз. Ал №39 автобус өз бағытымен тоқтамай жүріп тұр. Бір жақты қозғалысты енгізуге келетін болсақ, екі көше өтіп жатыр, олардың ені небары 3 метр. Оларды біржақты қылатын болсақ, көптеген көліктердің бұрылуына мүмкіндік бермеуі мүмкін, – деді ол. Әкім Қалалық мобильділік басқармасы басшысына тұрғын өтініш ескертіп, Кәрібай ақын көшесінің бойында тиісті жол белгілерін қоюды тапсырды.

Келесі болып сұрақ қойған қала тұрғыны «Шұғыла» шағынауданындағы өткір мәселелерді айтты.

– Тарған көшесінде ауысудың далаға ағып жатқанына 4 ай болды. Үлкен 600 диаметрлік шыныпластик бірнеше жерден жарылған. Соны басқа материалға ауыстыруларыңызды сұраймыз – деді «Шұғыла» шағынауданының тұрғыны.

– Сізге алдыңғы кездесуде айтқанмын, 2,5 метр құбыр болған соң солардың ішінің бәрін тексереміз. Осы тамыздан бастап техникалық комиссия өз жұмысын бастайды. Комиссия құбырдың техникалық жағдайы нашар деп шешім шығарса, онда оны ауыстыру жұмыстарын бастаймыз, – деді Ерболат Асқарбекұлы.

ӘКІМ ҚОЗҒАҒАН МӘСЕЛЕ

Келесі жылдан бастап әр ауданның өзіндік бюджеті болады. Бұл туралы сұрақ-жауап сессиясы кезінде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев айтты.

– Наурызбай ауданындағы бау-бақша серіктестіктерінде көше атаулары жоқ, екіншіден жол жөндеу мезгіліне не мүлдем жоқ. Соның кесірінен қоқыс шығарылмайды. Өйткені, тар көшелер мен асфальттың болмауынан қоқыс тасушылар бұрыла алмайды. Сонымен қатар, бізде су және электр мәселесі де өткір. Мен Наурызбай ауданының әкімдігі мәселелерді жедел шешетінін білемін, бірақ бұл мәселелер кешені қалалық әкімдік арқылы шешіледі деп ойлаймын. Біздің мәселелерімізді шешуді өтінемін, – деп сұрады «Тау Самұрық» тұрғыны Алмас Сақатов.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев:

– Келесі жылдан бастап аудандық әкімдіктер толыққанды бюджет алады. Күзде өзгерістер болады деп үміттенеміз. Президент аудандардың өз бюджеттерін құру идеясын қолдады, соның арқасында олар аудан көлеміндегі мәселелерді тез шеше алатын болады. Республикалық маңызы бар қалаларда және Астанада аудандық әкімдіктердің өз бюджеті жоқ. Енді бұл жағдай өзгереді. Ал электрмен жабдықтау және қоқыс шығару бойынша тапсырма беремін, – деді шаһар басшысы.

P.S. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Наурызбай ауданы тұрғындарымен екінші кездесуі 3 сағатқа созылды. Сұрақ-жауап сессиясы барысында 100-ден астам сұраққа жауап берілді. Жиынға барлығы 250-ге жуық тұрғын келді. Алматы қаласының әкімімен кездесу барысында тұрғындар жолдарды, кәріз және электр желілерін жөндеу, абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді. Әр сұрақты мұқият тыңдаған шаһар басшысы Наурызбай ауданы тұрғындарын мазалаған жеке және қала көлеміндегі барлық сұрақтарға жауап берді. Еске сала кетсек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жана форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен барлығы 24 кездесу өткізеді – тоқсан сайын 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесуден белгіленген.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

Аялдаманы бетке алып келе жатсам, алдымнан көршінің бес жасар қызы шықты. Көзім балаға емес, қолындағы біртүрлі, қызық ойыншығына түсе берді. Әлгі ойыншықтың аяқ-қолы салақтап тұр, көзінің қарашығы шарасынан шығып бақырайып, қып-қызыл ерні құлағына дейін жеткен, тістері де біртүрлі, жиі-жиі орналасқан, сосын үшкірлеу ме, қалай өзі, әйтеуір тартымсыз, тіпті қорқынышты. Көрші қыз әлгіні мойнынан қылғындыра ұстап алыпты, жүтіріп барады.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Хаги Ваги мен
Киси Миси

Үйден сол шыққаннан Көкбазардан түстім. Сәйкестік пе, әлде кездейсоқтық па, алдымнан тағы бір бүлдіршін шықты, қолында тура бағанағы көршінікіндей тісі ақсиган көкпеңбек ойыншық. «Мені тағы көрдің бе» дегендей мені келеке етіп қарайтындай сол көк құбыжық. Не болса да бала ерекше қуанышты. Еріксіз анасын тоқтаттым.

– Иә, қазір осындай ойыншық трендте дейді ғой. «Әпер, әперіндерші, балалардың бәрінде бар, мен де ғана жоқ» деп жүргеніне біраз болған-ды. Жалақы түскенде алып беремін деген уәде бар еді, соны орындап алып бердім бүгін. 2000 тенге тұрады осы қол-аяғы салаңдаған бәле, аты да бар өзінің – Хаги Ваги, – деп күлді жас әйел.

Сенесіз бе, Көкбазардың сол жақ бетін түгел осы ойыншықтар жайлап алыпты. Түсінің тым ашықтығы соншалық, шақырайған күнмен бірге көзді қарып жібереді. Сұраныс көп болған соң тауар да көп болып тұрғаны ғой сонда.

Әлгі Хаги Ваги компьютерлік ойынның персонажы екен. Сосын оның күлгін түсті қалыңдығы – Киси Миси, апельсин түстес – Ван Панк, жасыл түсті – Сили Били, қызыл түсті – Скари Лари, сұр түсті – Гресс Висс және түрлі-түсті Лили Милли деген кейіпкерлері бар. О, тоба, бір ойыншықтың бірнеше түрі бар, балалап алған!

«Поп-ит» және
«симпл-димпл»

Балалы үйде ойыншықтардың болатыны ақиқат. Былтыр, есіңізде ме, дүкен, базар біткенді осы «Хаги Ваги» сияқты «поп-ит» және «симпл-димпл» деген ойыншықтар жаулап алып еді ғой. Бұл ойыншықтардағы түрлі-түсті дөңгелектердің үстін саусақпен басқанда, дыбыс шығады. Сосын екінші бетін аударып, дөңгелектерді тағы басып шығасыз. Болды, басқа қызығы жоқ. Бірақ баласы бар үйдің бәрі жаппай сатып алып жатты. Себебі, тик-токтағы жарнамасы жер жарып тұрған болатын. Ал психологтар болса, бұл ойыншықтармен бала өз бетінше жалғыз әрі ешқандай ережесіз ойнаса, бала мақсатсыз бір қимылды қайталай беруді әдетке айналдырады деп дабыл қаға бастады. Дөңгелек ұяшықтары бар бұл ойыншығыңыздың тек екі жасқа дейінгі



ОЙ
мен
ОЙЫНШЫҚ

бүлдіршіндерге пайдасы болуы мүмкін екен. Онда да жанында үлкен адам болуы шарт. Ал антистресс ретінде әрекет етеді деген де бос әңгіме болып шықты. Негізі, бұл ойыншықтардың анықтамалығында аутизммен ауыратын балаларға арналған сенсорлық ойыншық деп жазылған екен. Бірақ оған мән беріп жатқан ата-ана болған жоқ. «Менің де балам елден қалмасын» деп жаппай сатып алып бере бастадық. Сөйтіп, баламыз сол ойыншықтармен ұйықтап, сонымен оянатын еді.

Кейін әлеуметтік желіде біраз ата-ана «Поп-ит» пен «симпл-димпл» деген ойыншықтардың түсін байқадыңыздар ма, ЛГБТ-ның туы түстес, бұл не сұмдық! «Батыстың цивилизациясын аламын деп, канализациясына түсіп кетпейік!» деп дабыл қаға бастады. Сол канализацияның иісі балаларымыздың бойынан шықпаса екен дейміз.

Қара базарда
құн бар ма?

Байқасаңыз, бала ойыншықтарының түсі тым ашық, қанық болып келеді. Алыстан-ақ «менмұңдалап» тұрған ойыншықтардан сақтанған жөн. Себебі, бояудың құрамында фенол, формальдегид, қорғасын элементтері бар. Бұл заттар адамның жүйке жүйесіне, көз бен тыныс алу мүшелеріне айтарлықтай әсер етеді екен. Бала кез келген нәрсені алдымен аузына салады, сондықтан ойыншық сатып аларда аса ұқыптылықпен қарағаныңыз абзал.

Елімізге келетін ойыншықтардың 70 пайызын Қытай өнімдері құрайды екен.

Көпшілігінде, дәлірек айтқанда, 90 пайызында ешбір құжат жоқ. Сондықтан мұндай ойыншықтар көбіне кісі аяғы қалың жүретін базарларда сатылады. Шыны керек, баламызға бір сәттік қуаныш сыйлау үшін оның сапасының сын көтермейтінін біле тұра, мән бермей жатамыз. Әрине, дүкендердегі сапалы деген қымбат ойыншықтарды сатып әперуге бәрінің қалтасы көтере бермейді. Дегенмен де, баланың қауіпсіздігін де ұмытпаған абзал.

Тез жалықпасын
десеңіз...

Демалыс күндері үйге сіңлімнің балалары келеді. Сонда сандық түбінен өсіп кеткен ұл-қызымыздың бұрынғы ойыншықтарын шығарамын. Үш балақай қызығып тұрып ойнайды кеп. Бала болғасын кетерлерінде өзімен бірге алып кеткісі келеді сол ойыншықтарды. Мен болсам «Үйлеріңе барғасын бұл ойыншықтың қызығы басылып, бәрі аяқтарыңның астында өз ойыншықтарымен бірге босқа шашылып қалады ғой. Одан да үйде қалсын, мен қайта жинап қояйын. Сосын келесі келгенде қайтадан қызығып ойнайтын боласындар» деп көндіремін. Расымен де, келесі келгендерінде әлгі ойыншықтармен жаңа көргендей қызығып, беріліп ойнай бастайды.

Иә, мамандар да ойыншықты балаға ауыстырып беріп отыру керектігін айтады. Себебі, бір ойыншықтан бала жалығып кетуі мүмкін. Ескі ойыншықты тығып тастап, уақыт өткеннен кейін көз алдарына қайта шығарсаңыз, баланың қызығушылығы қайта оянады.

Жасы ескерілгені
абзал

Бала ойыншықпен өседі. Сондықтан балаларымыздың қандай ойыншықпен, нендей ойын ойнап жүргеніне мән бергеніміз жөн.

Бұрын, жас күнімізде балаға туа салып ойыншықтар сатып әкеле беретінбіз. Қызығып. Ойыншықтардың баланың жасына лайықтап алу керектігіне аса мән беріп жатпайтынбыз. Тіпті, жөргекте жатқан сәбиге батареикамен ұшатын ұшақтар да, тоқпен жүретін көліктер де алып беріп жатамыз. «Өскенде ойнайды» деп қоятынмыз бар әуелі. Ал ол ойыншық сосын балаң өскенше сынып, қирап бітетін.

Егер балаңыз 3–5 жас аралығында болса, тым ұсақ емес құрастырмалы ойыншықтар әперген дұрыс екен. Біріншіден, балаңыз оны аузына салып, жұтып қоюы мүмкін. Екіншіден, өте кішкентай бөлшектерді құрастыруға баланың қабілеті жете қоймайды. Құрастырмақтар баланың ақыл-ойын дамытуға ауадай қажет.

Әлгі айтқан құрамында пропеллері бар тікұшақтар, сондай-ақ, басқа да ойыншықтар жасөспірімдерге арналған. Кішкентайлар мұндай ойыншықтарды қалай қолдану керектігін біле білмейді. Сондықтан жұмыс істеп тұрған пропеллердің арасына саусағын сұғып алуы мүмкін. Ойыншық қарулар да жас балаға зиян. Оны қолданған кезде балалар атуға болатын қашықтықты сақтай бермейді. Ақырында бала өзінің не өзгенің бетін немесе көзін зақымдап алып жатады. Сондықтан ойыншықтардың бала жасына лайықты таңдалғаны абзал.

Ұлым және
ұлтым үшін!

Бір өкініштісі, қазақ балаларына ермек болар ұлттық ойыншықтарымыз көп болмай тұр. Болған күнде де қолжетімсіз. Балақайларымыз әлі күнге тұр-сипаты түсініксіз құбыжық мульткейіпкерлермен, вампир-қанішерлермен, түрлі роботтармен ойнап жүр. Қазақ баласы қашан қазақы ойыншықтармен ойнайды? Жауап жоқ.

Айтпақшы, осыдан бірнеше жыл бұрын Шымкентте тұңғыш рет ойыншық шығаратын цех іске қосылған болатын. Жақсы жұмыс істеп жатыр деседі. Бүгінде онда балаларға арналған жүк көліктерінің модельдік ойыншықтары, баланың өзі де отырып айдай алатын «Талакар» ойыншық көлігі, құрастырмалы ойыншықтар шығарылады. Ең нағыздысы – ойыншықтардың еліміздің санитарлық-эпидемиологиялық нормаларының барлық талабына сай. Ойыншықтарды жасауда пайдаланатын шикізаттар токсикологиялық жағынан қауіпсіз, балалардың денсаулығына ешқандай зияны жоқ дейді мамандар. Бағасы да қолжетімді.

Дегенмен, ұлттық ойыншықтарға бизнес, ақша көзі ретінде емес, ұлттық идеология тұрғысында қарау керек шығар, бәлкім. Сонда «ұлым үшін» деген бізге сол бала «ұлтым үшін» деп қарайтын болады.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«Сенің шыңың» иммерсивті
аудио қойылымы

Өтетін орны: Медеу мұз кешенінің жанындағы субұрқақ.
Күні мен уақыты: 21 тамыз, 19.00.
Продюсерлер: Анна Шелепова, Маргарита Боярова.
Ұзақтығы: 80 минут.
Бағдарлама: Маршрут кіру деңгейіндегі тау жолымен өтеді.
Дайын болыңыз: жабық ыңғайлы аяқкиім киіңіз, үлкен сөмкелер алмаңыз, ауа райын назар аударыңыз, тауларда температура қалаға қарағанда төмен.
Жас шектеуі: 12+.



«Қазақтар өзге
ғаламшарлықтарға
қарсы»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Күні мен уақыты: 22 тамыз, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.
Өндіріс елі: Қазақстан.
Режиссері: Ален Ниязбеков.
Басты актерлер: Бауыржан Сатов, Жұлдыз Өмірғали, Дәурен Серғазин, Жахан Утарғалиев.
Жанр: фантастика, комедия.
Ұзақтығы: 105 минут.
Жас шектеуі: 6+.



«Самал сабын
жасау» шеберлік
сағаты

Орналасқан жері: Алматы қ., Қабанбай батыр к-сі, 140 А, pictor кескіндеме студиясы.
Күні мен уақыты: 23 тамыз, 14.00.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас шегі: 6+.

Әзірлеген
Ақтоқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ.



ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

ОТАНДЫ СҮЮ – ИМАННАН

Бәріміз бір әулеттің баласындай еліміздің өсіп-өркендеуіне қызмет істегеніміз абзал



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халқымызға Жолдауында «Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік, ағайын!» деген болатын. Бұл дегеніміз, елдің игілігі мен болашағының айқын болуына байланысты атқарылып жүрген басты бағдар саналады.

Елімізде бұқара мен биліктің ұйысып, болашақтың ісін қылғаны нұр үстіне нұр болмақ. Мұның ауқымын кеңейтіп, өрістету үшін руханият пен мәдениет, дін саласы мамандарының пікірі құнды екені анық. Осыған орай, белгілі дінтанушы, магистр Саламат Жүсіпұлы МҰХАНОВТЫ әңгімеге тартқан едік.

Қоғамда нақты өзгерістерге деген нық сенім бар!

– Сіз үшін «Жаңа Қазақстан» ұғымының мән-маңызы неде?

– Президентіміз тұжырымдаған Жаңа Қазақстан ұғымының мәні ең бірінші кезекте әділетті қоғам орнату дегенді білдірсе керек. Тарихтың өзі әділетсіз қоғамның қашанда күйрейтінін қаншама рет дәлелдеді. Шынын айтсақ, біздің еліміз, Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті қасіретті қаңтар оқиғасы кезінде сол әділетсіздіктің салдарынан күйреп кетуге сәл-ақ қалды. Бақытымызға қарай, Мемлекет басшысының шұғыл да батыл шешім қабылдап, жедел және дұрыс әрекет еткендігінің арқасында ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігімізді, мемлекеттілігімізді сақтап қалдық!

Енді оны әрі қарай дамыту үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, біз надандық пен ескілікке, радикализм мен масылдыққа, тоғышарлыққа және сыбайлас жемқорлыққа бүкіл қоғам болып табанды түрде қарсы тұруымыз керек. Бір-бірімізді жат көрмей, жақын тартып, жарқын істер арқылы қоғамда нақты өзгерістерге деген нық сенімді орнықтыруымыз тиіс. Әрине, бұл істе Алланың қалауымен «мың бірінші өлімнен» аман қалған халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани күш-жігеріне, дарыны мен еңбекқорлығына сүйенетіндігіміз ақиқат. Әр азаматтың өз қабілетін іске асыруына барынша қолайлы жағдай жаратуымыз қажет. Тек осылайша ғана халқымыздың жасампаздық әлеуетін арттыра аламыз. Осылайша ғана өмірдің барлық саласын өзгертіп, реформалар дәуірін өз қолымызбен жасаймыз. Сонда ғана біз кез келген сын-кәтерді бірге еңсеріп, Қазақстанымыздың қуатын бірге арттырамыз деп ойлаймын.

Бұл үшін барлық мүмкіндіктер, саяси ерік-жігер бар. Президентіміз заң талаптары мүлтіксіз орындалуы тиіс екенін, саяси өзгерістер аясында азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару ісінен бастап, жалпыұлттық сипаттағы мәселелерге дейін, яғни барлық деңгейде шешім қабылдауға дайын екенін мәлімдеді.

Жаңа Қазақстанның ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа мәдениетін қалыптастыруымыз керек.

Жуырда, 30 тамызда еліміз атап өтетін Конституция күні – ел тәуелсіздігінің басты нышаны. Ал оның заңдық-құқықтық, моральдік һәм рухани сана көкжиегінен нығаюы маңызды. Бұл үшін әрбіріміз бір кісінің баласындай, бір жеңнің саласындай Отанымыздың өсіп-өркендеуіне қызмет істегеніміз абзал.

Адамгершілік қасиеттерге ие адам ешқашан жаман жолға түспейді

– Еліміздегі дін саясатына көзқарасыңызды білдірсеңіз?

– Ата Заңымызда Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігі, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені тұжырымдалған. Демек, біздің елімізде азаматтардың діни наным-сенімдеріне деген шектеу жоқ. Қоғам мүшелерінің бір бөлігі ана дінді, бір бөлігі мына дінді ұстанатыны ақиқат. Адамзат тарихында білім-ғылымды дамыту, қоғамды тәрбиелеу, тіпті мемлекетті басқару ісінде де діннің үлкен рөл атқарғандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Керек десеніз, білім, ғылымның бастауының өзі, оның қайнар көзі дінде екенін де көптеген ғұламалар айтып кеткен, оны бүгінгі ғалымдардың біразы мойындап отыр. Абай ағамыздың өзі «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз ешуақытта жалған болмас» деген жоқ па?

Өкінішке қарай, қоғамда дінді әрқалай «түсіндіруге», ішінен ірітіп, түрлі ағымдарға бөліп жіберуге, сөйтіп бір-біріне қарсы қоюға, мұны өздерінің саяси мақсаттарына пайдалануға мүдделі ықпалды топтар мен күштер бар. Соңғы кездері біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанған асыл дініміз – Исламды құбыжық көрсетіп, оны барлық жаманшылықтың бастауы ретінде көрсетуге ұмтылушылық белең алып бара жатқаны байқалады. Бұл – ақиқатқа қайшы!

Сондықтан саналы, білімді, ибалы, зиялы ұрпақ тәрбиелеу, елін, жерін сүйетін, мемлекетін қорғайтын отаншыл азамат қалыптастыру қажет. Қоғамдағы татулық пен бірлікті, тұрақтылық пен бейбіт дамуды қамтамасыз ету тұрғысынан діннің мол мүмкіндіктері мен өлшеусіз әлеуетін дұрыс пайдалануымыз керек, ол үшін қажетті жағдай жасаған жөн деп ойлаймын. Мысалы, қазір кей жастарымыз жат ағымдардың жетегінде кетіп, адасып жүргені – ашы да болса ақиқат. Ал мұның себебі не десек, ең бірінші кезекте жұмыссыздық, табыстың аздығы, күнкөрістің төмендігі сияқты әлеуметтік, экономикалық себептер алға тартылатындығы сөзсіз. Бұған дәлел ретінде табысы жеткілікті, күнкөрісі жақсы жандардың ешкімнің ізіне ермейтіндігі айтылады. Ал оның тұлғалық қасиеттері, дін туралы түсінігі, азаматтық ұстанымы жайында көп ойлана бермейміз.

Мәдениетіміз – біздің әдеп-әдетіміздің айнасы, қандай тәрбие алғандығымыздың, біліміміз бен білігіміздің, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық даму деңгейіміздің нақты көрсеткіші.

Меніңше, адамға діни тәрбие де аса қажет және ол оның сәби кезінен, демек отбасынан басталуы қажет! Ал адам өмірі бойы оқып, өмір бойы тәрбиеленетіндіктен, бұл үдеріс одан әрі балабақша, мектеп, орта және жоғары оқу орындарында міндетті түрде жалғасуы тиіс. Себебі, Дін – ең алдымен жақсы-жаманды, дұрыс-бұрысты ажырату, обал-сауапты білу, ізет-ибалы, мейірімді, қайырымды болу, қанағат-рахым сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына бастайды. Бұл адамгершілік қасиеттерге ие адам ешқашан жаман жолға түспейді. Жат ағымдарға жол жоқ!

Сол себепті, халықты тұрақты жұмыс орны, жеткілікті табыс көзімен қамтумен бірге, мемлекет олардың жоғары адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына да баса мән беруі керек десек, діни ұйымдар бұл ортақ міндеттен тыс қалмауы тиіс деп есептеймін.

Әділетті Қазақстанды құрудың ажырамас бөлігі

– Қазақы тәрбие қайдан басталады деп ойлайсыз?

– Бұған жауап халқымыз пайда болғалы мыңжылдықтар бойы қалыптастырған қағидатты тұжырымдарында, мақал-мәтелдерінде толып жатыр. Мысалы, «ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген тұжырымды алайық. Бұдан кез келген бала ең үлкен тәрбиені үй ішінен алатынын, үлкендер не айтса – соны еститінін, не істесе – соны істейтінін түсінеміз. Демек, ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелеу үшін ең алдымен өзіміз ұлыққа тән ғибратты сөз айтып, өнегелі іс жасауымыз, ізетті, ибалы, кішіпейіл мінез көрсетуіміз керек. Ол үшін үйде, отбасында ана тілімізде сөйлеп, балаларымызға ана тілімізде ата-бабаларымыздан келе жатқан тағылымды шешендік сөздерді, тарихи оқиғаларды айтып отыруымыз қажет. Қоңыр үнді домбырадан күй төгіліп, ана тілімізде әуезді ән шырқалып тұрғаны да шабытымызды шалқытып, рухымызды көтеретіні сөзсіз. Сөремізде ана тілімізде басылған тарихи жыр-дастандар, терме-толғаулар, шешендік сөздер, шежіре кітаптар тұрса, әр ұл мен қыз солардан терең сусындаса – қазақы тәрбие деген сол емес пе?! Бұл аса жауапты істе аналарға үлкен салмақ түседі. Өйткені, ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді. Ұрпақты, ұлтты тәрбиелейтін Аналар.

Кезінде бізде, өкінішке қарай, «интерұлттылық» деген кесепат ұранның кесірінен өз тілінен, өз дінінен, ата салт, әдет-ғұрпынан адасу кезеңі болғаны рас. Енді есті жиюымыз керек. Ол үшін пәрменді үгіт-насихат, нақты ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізілуі тиіс. Радио-телеарналар ана тілімізде берілетін тағылымды бағдарламаларды күрт көбейткені, керісінше, өзге тілде берілетін хабарларды қысқартқаны жөн. Түптеп келгенде, бұл – ұлттық тұрпаттағы, шын мәніндегі Әділетті Қазақстанды құрудың ажырамас бөлігі.



Ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа мәдениет қалыптастыруымыз керек

– Қоғам мәдениетті болуы үшін қайтпек керек?

– Ол үшін қоғамның әрбір мүшесі мәдениетті болуы тиіс. Оған әрбір азамат, әрбір аула, әрбір мекеме атсалысуы қажет. Мысалы, Алматының кез келген ауласында бүгінде балалардың ойын алаңы бар, онда сол маңайдағы барлық үйде тұратын балалар ойнайды, тіпті жақын жердегі көшелерде тұратын ата-аналар да балаларын әкеліп ойнатуы мүмкін. Егер олардың бәрі әртүрлі коқыстарды тастап кете беретін болса, онда ол жерде тазалық деген болмайды. Ал тазалық – мәдениеттіліктің бір белгісі. Бізде көбіне «бұл – менің аулам емес», «тазалағаны үшін жалақы алып отырған адамдар бар» деген пікір басым.

Сондай-ақ, тұраққа көлік қою мәселесін алыңыз, егер әр жүргізуші өз көлігін қалай болса солай, кесе-көлденең қалдырмай, жалпы тәртіпті сақтап, дұрыс қойса, көшеде ережеге сай дұрыс тоқтап, дұрыс қозғалса жақсы емес пе?! Бір қарағанда жай нәрселер болғанымен, мұның бәрі – мәдениет! Жиын-жиналыстарда өте бай, шұрайлы ана тілімізде таза әрі шешен сөйлеп, қатысушыларда үлкен әсер қалдырсақ – бұл енді тіпті керемет!

Жалпы, мәдениетіміз – біздің әдеп-әдетіміздің айнасы, қандай тәрбие алғандығымыздың, біліміміз бен білігіміздің, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық даму деңгейіміздің нақты көрсеткіші. Өкінішке қарай, біз өзгелердің қансығын өзімізге үлгі тұту, өз тілімізді, әдет-ғұрпымызды менсінбеу арқылы ең жақсы қасиеттеріміздің бәрін жоғалтуға аз қалған едік. Қуанышқа қарай, енді үміт оты қайта жанды. Енді біз Жаңа Қазақстанның ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Бұл өзі бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын бір ағзаның екі мүшесі сияқты. Бір сөзбен айтқанда, Жаңа Қазақстан дегеніміз – қоғамдағы барлық жақсы қасиеттерді қамтитын жаңа мәдениет!

Жаңа Қазақстан дегеніміз – қоғамдағы барлық жақсы қасиеттерді қамтитын жаңа мәдениет!

Бұл үшін де әр отбасынан бастап, аула, ауыл, қала, мемлекет деңгейінде үгіт-насихат, ұйымдастыру-тәрбие жұмыстары қажет! Ол жұмыстардың ұлттық идеологияға негізделген нақты жоба-жоспары, бағыт-бағдарлары, қаржылық негіздері болуы және бұл кезең-кезеңімен ауыл, аудан, облыс, мемлекет деңгейінде іске асырыла беруі тиіс! Сонда ғана қоғам мүшелерінің мәдени деңгейі, жалпы қоғамның мәдениеті арта түседі деп ойлаймын.

– Иманды жан деп кімді айтамыз?

– Дін тұрғысынан алғанда, Иман дегеніміз – Жаратушының бар екеніне, барлық жақсылықтың Алладан екеніне сену және оған күмән келтірмеу! Қарапайым тілмен түсіндірер болсақ, бұл – жан-жақты жетілген білімді, білікті, адамгершілігі жоғары, жақсы-жаманды айыра алатын, обал-сауапты білетін, қайырымды, мейірімді, Жаратушының құдіретін мойындайтын, табиғаттың заңдылықтарына қарсы келмейтін адам. Абай ағамызша айтсақ, толық, кемел адам!

Бірақ елдің бәрінің діни таным-түсінігі, өмірде көргені мен білгені, әсіресе көкірекке түйгені бірдей емес қой! Тіпті, ешқандай дінді ұстанбаса да, ниет-пиғылы ақ, сөзі түзу, ісі дұрыс, адамгершілігі жоғары жандарды имансыз деуге де келмес. «Отанды сүю – иманнан» деген тағылымды тұжырым бар. Менің түсінігімде, ата-анасын, туған-туыстарын, құрбы-құрдастарын сыйлайтын, олармен жақсы мәміледе болып, кез келген уақытта көмекке дайын тұратын, елін-жерін, туған халқын сүйіп, әрқашан мақтанш тұтатын, оның өсіп-өркендеуі үшін саналы еңбек ететін адамның бәрі иманды! Тек қана діни тұрғыдан емес, жалпы адамның ата-ана, ұрпақ, қоғам алдындағы міндеттерді тұрғысынан қарайтын болсақ, осылай екеніне ешқандай шүбәм жоқ!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

МЕДЕУ АУДАНЫ

КАБЕЛЬ АШЫҚ-ШАШЫҚ ЖАТЫР

Редакцияға хат келді. Алматының тыныс-тіршілігіне бей-жай қарай алмайтын Қасымхан НҮСПҚОЖАҰЛЫ есімді зейнеткер оқырманымыз шаһардың келбетіне жауапты тиісті орындар өкілдерінің назарына іліксе екен деген талап-тілегін ақ қағазға былайша түсіріпті.

«Әсем Алматыда тұрып келе жатқаныма 50 жылдан асыпты. Аз уақыт емес. Осындай ірі қалада тұратынымды мақтаныш етемін. Бірақ қынжылтатын да жайттар көбейгендей кейінгі кездері.

Тұрағым – М.Төлебаев пен М.Мәметова көшелерімен жақын қиылысатын тұста. Бір айдан асып барады, осы екі көше қиылысатын жерде электр кабелін жүргізуге тоған (траншея) қазып, М.Мәметова көшесінің бойынан қазылған тоғанға әлгі кабельді көмді. Бірақ көмілген кабельдің екі жағы қайда қосылатыны белгісіз, әлі далада ашық-шашық жатыр. Сонда осы жұмысты жүзеге асырамыз деп мойнына міндеттеме алған мекеме немесе компания өкілдері тапсырманы аяғына дейін неге жеткізбеген? Жауапты адамдары қайда? Жұмысты берген

шенеуніктер неге соңына дейін қадағаламайды? Міне, күз де жақындап келе жатыр. Ертең бала-шаға сабаққа қосылады.

Қалада үйлер көптеп салынады, көшелер асфальтталады, тас төселеді. Бірақ бір-екі жылдан кейін кейбір үйлердің шатырынан су сорғалап, жөнделді деген көшелер де бүлінеді, тесіледі. Сонда осындай келеңсіздіктердің, сапасыздықтың жауабын кімнен сұраймыз? Жауапқа тартылып, сұралып жатқан бір адамды естіген жоқпын өз басым. Біз тек «ұрлық жасапты» мен «кісі өлдіні» ғана қылмыс деп санаймыз. Ал өздерінің міндетін, ісін дұрыс істей алмағандар, халыққа зиянын тигізіп жатқан жауапсыз шенділерді де қылмыскерлер санатына жатқызсақ айып па? Міндеттелген тапсырманы жүрдім-бардым атқаратын

ондайларды жауапқа тартып, кешірім сұрата білсек, әлгіндей олқылықтар азаяр ма еді дейді бір ойым.

Рас, Алматыда жақсы жұмыстар істеліп жатыр. Мысалы, орталық көшелер, атап айтсам, Абылай хан, Панфилов, Назарбаев, Гоголь, Жібек жолы, М.Төлебаев сынды көшелер мен даңғылдар асфальтталды. Көгер көзге әдемі айнала. Бірақ біз тұратын М.Төлебаев көшесі аяқталмай аяғына дейін жетпеген. Сонда қалай, М.Төлебаев көшесі М.Мәметова көшесіне дейін созылып жатқанын білмей ме? Осыған байланысты көптің атынан сұрайтыным, Гоголь көшесінен төмен М.Мәметова көшесіне дейінгі аралық асфальтталса, кірпіш төселсе. Медеу ауданы мен қала әкімдігінің оған шамасы жететін шығар деп ойлаймын.

Тағы бір айта кететін көкейдегі пікірім: биыл Д.А.Қонаевтың 110 жылдығы. Қазақстанға өлшеусіз үлес қосқан осы тұлға атындағы көшеге асфальт төселсе дейміз. Алматы – ортақ үйіміз. Ал үлкен үйде бізге өмір сүруге әрдайым жайлы, қолайлы болса дейміз».

Құйып алар құйма құлақ болса, біз зейнеткердің ұсыныс-тілегін жеткіздік.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

«ЖАБАЙЫ» САУДА ҚАЛАҒА СӘН БЕ?..

Кеше «Almaty aqshamy» газетінің редакциясына алматылық зейнеткер, Өтеген батыр көшесінің тұрғыны Гүлшекер ӘБІШЕВА телефон шалды. «Ақшам» арқылы айтары бар екен.

Ол өздері тұратын көпқабатты үйдің дәл алдына әскерилердің палаткасын құрып алып, оны сырттан темір тормен қоршап қойып, жеміс-жидек, көкөністер сатып тұрған әйелдің саудасын заңсыз деп санайды. Әрі түнгі сағат 11.00-11.30-ға дейін саудасы қызып жататын «жабайы» сауда нүктесінің алды көкөніс, жеміс-жидектерден босаған кардон қағаздарға толып, бейберекет шашылып, ыбырсып жататын көрінеді. Күні бойы, түн жарымына дейін у-шудан арылмайтын бұл жер, әсіресе, жасы келген адамдардың мазасын қашырып біткен сынайлы.

Гүлшекер Әбішева сатушы әйелмен тілдесіп те көріпті. Бірақ саудагер сол маңда тұруға болатыны туралы бірде-бір заңды құжатын көрсете алмаған. Негізі, саудагер әйел сол жердегі дүкеннің алдындағы шағын орынды жалға алған көрінеді, жалдау ақысын сол дүкеннің иесіне төлеп те тұрады. Бірақ есік аузын тар көріп, палаткасын көпқабатты үйдің ауласындағы ағаштың түбіне тігіп алып, алаңсыз саудасын қыздырып жатыр дейді зейнеткер. Тіпті, жуырда темір керуесті әкеліп



қойған. Зейнеткер өзі түсіріп алған суретін де жіберді бізге.

– Күнде «Жаңа Қазақстан» құрамыз деп жатырмыз барлық жерде. Ал жаңаратын елге, Алматыдай алып мегаполиске осындай алқам-салқамы шығып тұрған палатка, «жабайы» сауда жараса ма, айтыңызшы? Еңселі үйіміз «Гранд парк» сауда үйінің қарсысында орналасқан Әуезов аудандық ішкі

істер бөлімінің жанында. Айналамызда балашаға ойнап жүр, серуендеуге кәрі де, жас та шығамыз күнде кешке, – дейді қынжылысын жасыра алмай тұрған Гүлшекер Әбішева.

Ал біз өз кезегімізде бұл сауалды қаланың құзырлы орган өкілдеріне жолдаймыз және жауап күтеміз.

**Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

ДРЕНАЖ

ҚАУІПТІ АЙМАҚТАР БАҚЫЛАУДА

Алматыда еріген судың жиналуына бейім 56 учаскеде апаттық-қалпына келтіру жұмыстары басталды

Қалада жауын-шашын кезінде болатын ағын сулардың 90%-ы жол мен арықтар бойымен ағады.

Сол жерден тікелей өзендерге құяды. Ал сарқынды судың тек 10 пайызы ғана 4 арнайы дренаждық арнаға, одан кейін коллекторларға түседі. 16 коллектордың оншақтысы жұмыс істемейді. Қазіргі уақытта Алматыда еріген судың жиналуына бейім 56 учаскеде апаттық-қалпына келтіру жұмыстары басталды. Бұл ретте 12 учаскеде су ағындарына төтеп бере алмай отыр, 21 учаскеде арық жоқ, 23 учаскеде желілер бұзылған. Мұндай фактілерді аудан әкімдіктері Төтенше жағдайлар департаментінің құтқару қызметімен бірлесіп тіркеді. Түгендеу барысында 1525 шақырым арна желілері анықталды. 424 шақырымында, яғни 27%-ы жөндеуді қажет етеді.

Мәселен, Әуезов ауданында тұрақты су басатын 5 аймақ бар:

Төле би – Яссауи көшесінің қиылысы;
Райымбек даңғылы – Момышұлы көшесі;
Райымбек даңғылы – Яссауи көшесі;
Абай даңғылы – Алтынсарин даңғылы, Цветочная көшесі.

Райымбек даңғылы бойынша диаметрі 1 метрлік өткел төсеу арқылы апаттық желі бойындағы 2 учаске жойылды. Момышұлы, Яссауи көшесі және қалған 3 бөлім осы жылдың соңына дейін жойылады.

Райымбек даңғылының бөлу жолағындағы учаскеде қабылдау камералары орнатылады. Сонымен қатар, Жұбанов көшесінен Райымбек көшесіне дейін ені – 1 метр, ұзындығы – 2,1 шақырым болатын жаңа дренаждық арна салынады. Сондай-ақ, Жұбанов, Қабдолов, Өтеген батыр көшелерінің бойындағы ұзындығы – 3,5 шақырым жұмыс істеп тұрған коллектор қалпына келтірілді.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



Суретті түсірген С.ҚҰСАЙЫНОВ.

ТУРИЗМ

Аспалы жол ұзарады

Алматының көркі – кербез де, көркем таулары. Шаһарымызға келген туристер ең алдымен тауды тамашалауға асығады. Қысы-жазы адам үзілмейтін «Шымбұлаққа» алматылықтар мен қала қонақтары аспалы жол арқылы көтеріледі. Осы аспалы жол енді Нұрсұлтан шыңына дейін ұзартылатын болды.

– Біз аспалы жолды теңіз деңгейінен 4376 метрлік биіктіктегі Нұрсұлтан шыңына дейін ұзартуды жоспарлап отырмыз. Осылайша біздің аспалы жолымыз Франциядағы теңіз деңгейінен 3842 метр биікте орналасқан әйгілі Шамони демалыс орнындағы аспалы жолдан да биік болмақ. Бұл қадам «Шымбұлаққа» қосымша 10 шақырым тасжолдың жалғаныуына мүмкіндік береді, – дейді «Шымбұлақ» тау курортының бас директоры Ринат Абдрахманов.

Сондай-ақ, Қимасар шатқалында жаңа сырғанау аймағын жабдықтау жоспарланып отыр, бұл – тағы 50 шақырым жаңа тасжол қосылады деген сөз. Шаңғышылар осы жол арқылы тікелей «Медеу» станциясына түсе алады. Дәл қазір осы идеялар демеушілермен бірге талқылануда. Еске сала кеткен жөн, «Шымбұлақ» табиғаты тамылжыған Іле Алатауы шатқалында теңіз деңгейінен 2260 метр биіктікте орналасқан. Алматының орталығынан «Шымбұлаққа» 15 минутта жетуге болады.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

ЖӘДІГЕР

Тарихтан тағылым

Алматы қаласының тұрғыны 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағында серуендеп жүріп, 1873 жылы шыққан ескі монетаны тауып алған.



Бұл туралы ол өзінің әлеуметтік парақшасына жариялаған. Мұны естіген желі қолданушылары мен археологтар өз таңданысын білдірді.

«Таңертең Панфилов саябағында итпен серуендеп жүрген едім. Күтпеген жерден 1873 жылдарға тиесілі екі тиынды тауып алдым. Өте қатты бұліне қоймаған. Өздеріңіз білесіздер, қаламыз Верный болып тұрғанда 1887 жылдары 9 балдық жер сілкінісі болған. Сол кездерден аман қалып, бізге жеткен. Қаламыздың тарихынан сыр шертетін монетаны тапқанымға қуаныштымын», – дейді Ғалым Агелеуов есімді тұрғын. 150 жылдай сақталған бұл тиындар қазақ даласында қолданысқа не болды ма деген сауалға Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкерлері жауап берді. «Ресей империясында, Қазақ даласында мұндай тиындар қолданыста болған. Елдімекендерде біз мұндай монеталарды жиі табамыз. XIX ғасырда бұл ақшалар үлкен тиражбен шығарылған. Сол себептен, біздің заманымызға дейін сақталып қалған. Мұндай монеталар революцияға дейін қолданылған. Негізгі артықшылығы екі және бес тиын. Сол кездерде бес рубльге қой немесе жылқы сатып алуға болатын, осыған қарап-ақ монетаның қадір-қасиетін бағалай аласыз. Бұл саябақ жер сілкінісіне дейін адамдар көп жиналатын аумақ болған, сол себептен талай тарихты бастан өткерген десек, артық айтпағанымыз болар», – деп түсіндірді Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының өкілі.

Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



БРИФИНГ

ЖАБЫҚ СПОРТ НЫСАНДАРЫ БОЙ КӨТЕРУДЕ

8 мыңнан астам жас алматылық
36 секция мен үйірмеге тегін қатысып жүр

Алматыда дене шынықтырумен және спортпен айналысатын тұрғындар саны жыл өткен сайын артууда. Алматы қаласы Спорт басқармасы басшысының орынбасары Бекжан ОНЖАН Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте осы жөнінде және спорттық инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар туралы тарқатып айтып берді.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Бүгінде қалада қолжетімді спорттық нысандар салынууда, сондай-ақ біз алматылықтарды спортпен жаппай айналысуға тартудамыз. Бүгінде Алматыда 3611 спорт ғимараты бар. Бұл стадиондар, спорт кешендері, жаттығу орталықтары, шаңғы базалары, атыс тиірлері, велотрек, секіруге арналған трамплин, хоккей, теннис корттары, конькимен жүгіру стадионы, ипподром, спорт манеждері, жүзу бассейндері және тағы басқалар», – дейді Бекжан Нұрланұлы.

Спикердің сөзіне жүгінсек, бүгінгі күні шаһарда жабық спорт нысандары көптеп бой көтеруде. Мәселен, 2022 жылдың соңына дейін Жетісу ауданында жергілікті бюджет есебінен салынып жатқан дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ашылады. Олардың бірі «Кемел» ықшамауданында (Жайсаң көшесі, 22-үй, №80 мектеп аумағында) орналасқан. Онда жекпе-жек секциялары, спорттық ойындар ұйымдастырылады. Бір күнде 560 адам кіре алатын үлкен нысан болмақ.

Екінші ДСК «Айнабұлақ-2» ықшамауданында (№118 бен №137 мектептер арасында) ашылады. Онда спортсүйер қауым әмбебап және жаттығу залдарына, бокс және жекпе-жек залына бару мүмкіндік алады. Тағы бір спорт ғимараты «Құлагер» ықшамауданындағы Қазыбаев көшесінде ашылады. Мұнда да түрлі секциялар жұмыс істеп, су спорт түрлері дамитын болады. Бір күнде 900-ге жуық адам кіре алады.

Алматы қаласы Спорт басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Онжан үш дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен теннис



орталығының құрылысы туралы да айтып берді.

«Медеу ауданының «Алатау» ықшамауданында 7400 шаршы метр алаңда үлкен ДСК салынады. Құрылыс көлемі бойынша осындай нысан Түркісіб ауданының «Жас қанат» ықшамауданында да бой көтермек. Онда су спорты түрлері бойынша спорт секциялары, үстел теннисі, хореография сабақтары ұйымдастырылады. Алатау ауданының «Зерделі» ықшамауданында бокс пен жекпе-жекпен айналысатын кешен салынады», – деді спикер.

Сонымен қатар, Алматыда 14 кортқа арналған теннис орталығы салынбақ. Онда 4 жабық және 10 ашық корт болады. Бұл қаладағы ең ірі теннис орталықтарының бірі болмақ және Алатау ауданында, Рысқұлов даңғылының солтүстігінде, Момышұлы көшесінің батысында орналасқан. Сондай-ақ, осы жоба шеңберінде фитнес және қалпына келтіру рәсімдеріне арналған арнайы зал, тренажер залын жабдықтау көзделген. Инвестициялар есебінен «My win» спорт кешенінің, үстел теннисі орталығының құрылысы жүруде, сонымен қатар велотрек жөндеуден өтеді.

Спикер брифинг барысында жастарды салауатты өмір салтына тарту мақсатында Алматының 8 ауданында 100 бос уақытты тиімді өткізу орталығы қызмет көрсететіндігін, онда 8 мыңнан астам адамды қамтитын ақысыз 36 спорт секциясы мен үйірме жұмыс істейтінін де тілге тиек етті.

«Жобаның мақсаты – 6 жас-тан 15 жасқа дейінгі балалар үшін бұқаралық қолжетімді спортты дамыту. Соның нәтижесінде олар кейін кәсіби спортқа көшуге мүмкіндік алады. Аталған бағдарламаға қатысушылардың ішінен бүгінде болашағы бар деген 60-тан астам бала балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне қабылданды», – деді Бекжан Онжан.

Қала бюджетімен тоғыз спорт клубы қаржыландырылады. Олардың басым бөлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамалары үшін негіз болып табылады. Олардың «Буревестник Алматы» волейбол клубы, «Алматы» қыздар волейбол клубы, «Алматы» баскетбол клубы, «Айсұлу» әйелдер хоккей клубы, «Алматы» хоккей клубы, «Азия Спорт» ҚК регби клубы, «Алматы» гандбол клубы, «Қайрат» ФК, «Қайрат» футбол академиясы бар.

Сондай-ақ, Бекжан Онжан Алматы қаласы мен Қазақстан Республикасының құрама командаларына спорттық резерв дайындау жайын айтып берді. Бүгінде 13 мыңнан астам спортшы үшін 78 спорт түрі бойынша дайындық жүріп жатыр. Республиканың ұлттық құрамасына 906 алматылық спортшы кіреді, оның ішінде: негізгі құрам – 135, жастар құрамы – 375, жасөспірімдер құрамы – 396 спортшы.

Сөзін жалғастыра отырып, Бекжан Нұрланұлы спорт қызметкерлерін әлеуметтік қолдау іс-шаралары туралы да тілге тиек етті. «Президенттің мұғалімдердің жалақысын 25%-ға арттыру туралы тапсырмасын орындау аясында 2020 жылғы республикалық бюджеттен 257,9 млн теңге, 2021 жылы 50%-ға көтеру үшін 578,9 млн теңге бөлінді. Спорт саласында 809 маман қосымша ақы алды», – деді спикер.

ИСЛАМИАДА



Жүлделі жарыс болды

Қазақстан спортшылары исламиаданы бесінші орында аяқтады.



Досбол
АТАЖАН

Түркияның Кония қаласында өткен Ислам ынтымақтастығы ойындары өз мәресіне жетті. 8–18 тамыз аралығында өткен халықаралық додаға әлемнің 55 елінен үздік спортшылар келді.

Жарыстың соңғы күні де Қазақстан қоржыны жаңа жүлделермен толықты. Барлық жекпе-жегін жеңіспен аяқтаған Берік Ысқаков (63,5 келі) кикбоксингтен үздік болып, алтыннан алқа тақты. Сондай-ақ, өзге де кикбоксинг жауынгерлері Батырхан Қуандықов (63,5 келі), Нұрдаулет Қалшора (57 келі), Шара Хамзина (60 келі) қола жүлдегер атанды. Айта кеткен жөн, аталған спорт түрінен бұған дейін Нұрсұлтан Жұмабаев (51 келі), Әлихан Оздоев (67 келі), Марат Өсіпов (71 келі) чемпион атанған еді.

Исламиада аяғында спорттық гимнастикадан Қазақстан командасының өкілі Аида Бауыржанова да көзге түсті. Ол еркін жаттығуларда бірінші болып, алтын алса, бөрене үстіндегі жаттығуларды екінші орында аяқтады. Аида өзінің жеке есебін қола жүлдемен де толықтырды. Гимнаст ару бруссы жаттығуларында үшінші болды.

Сонымен қатар, Ислам ынтымақтастығы ойындарының күні қазақстандық жүзуші Әділбек Мусин екінші рет чемпион атанды. Ол баттерфляй әдісімен 50 метр қашықтықты бәрінен бұрын бағындырды. Айта кеткен жөн, бұған дейін Мусин 100 метр қашықтықта баттерфляймен бірінші болып, чемпион атанған.

Ең соңғылардың бірі болып сынға түскен София Безрульцева каратеден ешкімге дес бермей, жеңіс тұғырының бірінші сатысына көтерілді.

Бесінші мәрте жалауын желбіреткен дүбірлі додада қазақстандық спортшылар барлығы 89 медаль еншіледі. Оның ішінде 27-і алтын, 23-і күміс, 39-ы қола.

Жалпы командалық есепте Қазақстан спортшылары Түркия, Өзбекстан, Иран және Әзербайжан құрамаларынан кейін бесінші орынға жайғасты.

Ислам ынтымақтастығы ойындары 2005 жылдан бері тұрақты өткізіліп келеді.

ТӘРБИЕ

Жігітке шымырлық тән

Жанмен бірге тәнің сұлу болуы да маңызды.

Алматы қаласының Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 түзеу мекемесінде кәмелетке толмаған жазалы жасөспірімдермен жүзделуге қазақстандық бодибилдингтің бетке ұстар өкілі, Қазақстан чемпионаттарының бірнеше дүркін жеңімпазы, Азия чемпионы, фитнес-жаттықтырушы Акбар Жармағамбетов келді.

Акбар Талғатұлы өзінің қызыққа толы балалық шағы, спортқа қалай келгені, спорт жолындағы жеңістері және өмір туралы қызықты әңгімелер айтып берді. Сондай-ақ, бас бостандығынан айырылған бозбалалардың спортпен байланысты сұрақтарына жауап берді. Жетістікке жету жолдарын да тілге тиек етті.

Чемпион өзара пікір алмасу, әңгіме-дүкеннен соң жасөспірімдерге турникке тартылу әдіс-тәсілдерін және өзге де бірнеше жаттығу түрлерін көрсетті.

– Нағыз жігіттің өмірлік ұстанымы болуы шарт. Ата-анасын, бауырларын, жан-жағын құрметтей білуі керек. Отанын, жерін сүю қажет. Білімді болған абзал. Оған



адалдық, намысқойлық тән. Сондай-ақ, жанмен бірге тәнің сұлу болуы да маңызды. Ол үшін спортпен айналысып, салауатты өмір салтын ұстану керек, – деген Акбар Жармағамбетов аяғын жаза басып, түзеу колониясында отырған жастарға қылмыстың ауылына енді аяқ баспаңдар деген тілегін жеткізді. Ал түзеу мекемесінің тәрбие бөлімінің бастығы Ернар Сәбитов қонаққа жасөспірімдердің атынан алғыс білдірді.

Нұр ЖАМАЛ.

ТЕННИС

Ширек финалға шықтық

Елена Рыбакина мен Анна Данилина Цинциннати турнирінің ширек финалына шықты.

Қазақстанның бірінші, әлемнің 25-ракеткасы Елена Рыбакина Цинциннати (АҚШ) WTA 1000 турнирінің ширек финалына шықты. Қазақстандық теннисші үшінші айналымда әлемнің 29-ракеткасы, америкалық Элисон Рискмен кездесті. Бірінші партияда Елена 6:2 есебімен басым түсті. Екінші сетте де есесін жіберген жоқ – 6:4.

Осылайша Рыбакина өз спорттық жолында алғаш рет Цинциннати додасының ширек финалына жолдама алды. Ол жартылай финалға шығу үшін әлемнің 1-ракеткасы, Польша өкілі Ига Свентек немесе рейтингте 24-орындағы америкалық Мэдисон Киздің біреуімен таласады. Сондай-ақ, Қазақстанның жұптық сындағы бірінші, әлемнің 21-ракеткасы Анна Данилина да Цинциннати (АҚШ) WTA 1000 турнирінің ширек финалына шықты.

Қазақстандық теннисші бразилиялық Беатрис Хаддад Майямен бірге екінші айна-



лымда жарыстың 3-ракеткалары, жапониялық Ена Шибахара – кытайлық Чжан Шуаймен кездесті. Қазақстандық-бразилиялық жұп 6:3, 6:3 есебімен басым түсті. Бір сағаттан сәл астам уақытқа созылған бәсеке барысында Анна мен Беатрис 2 эйс жасап, 9 брейк-пойнттың үшеуін пайдаланды. Қарсыластары 2 эйспен ғана көзге түсті. Қазақстандық-бразилиялық жұп жартылай финалға шығу үшін доданың 7-ракеткалары, украиналық Людмила Киченок – латвиялық Елена Остапенкомен таласады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ЖОБА

«Алматыда клиникалық-диагностикалық және бактериологиялық зертхана ашу» мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасын іске қосу туралы хабарлама

«Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының» 133-тармағына сәйкес іске асыруға мүдделі баламалы ұсыныстарды тарту мақсатында кәсіпкерлік субъектілерді, қаржы және басқа да ұйымдарын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасының «Алматы қаласында клиникалық-диагностикалық және бактериологиялық зертхана ашу» жобасының (бұдан әрі – МЖӘ жобасы) басталғаны туралы хабардар етеді.

1. МЖӘ жобасын іске асыру шарттары:

1.1. Сметалық инвестиция 663 000 мың теңгені құрайды, бұған зертханалық құрал-жабдықты сатып алу, жалпы ауданы 600 м² үй-жайды жөндеу, ұйымдастыру техникасын, қажетті материалдар мен реагенттерді сатып алу кіреді.

1.2. МЖӘ шартының түрі – контракт.

1.3. Іске асыру мерзімі – 7 жыл (84 ай).

1.4. Мемлекеттік әріптес келесіні жүзеге асырады:

– Алматы қаласы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасы ШЖҚ «№4 қалалық клиникалық ауруханасы» МКК базасында клиникалық-диагностикалық зертхана құру үшін үй-жай мен жабдықты өтеусіз пайдалануға беру;

– Алматы қаласы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасы ШЖҚ «№4 қалалық клиникалық ауруханасы» МКК-ден тегін медициналық қызметтің кепілдік берілген көлеміне енгізілген диагностикалық қызметтерге ақы төлеу. 1.5. Диагностикалық жабдық: Жабдық әлеуетті жеке серіктеске тиесілі болуы керек.

1.6. Диагностикалық жабдық жаңа болуы керек, яғни пайдаланылмаған, жаңартылған және/немесе пайдаланылған бөлшектері мен жинақтары жоқ, түпнұсқалық қаптамада болуы керек.

Диагностикалық жабдық үшінші тұлғаның құқығынан бос болуы керек.

2. МЖӘ жобасын іске асыру орны – Алматы қаласы ШЖҚ «№4 қалалық клиникалық аурухана» МКК.

3. МЖӘ жобасының мәні: ШЖҚ «№4 қалалық клиникалық аурухана» МКК базасында «кілт» жабдықтары бар заманауи клиникалық-диагностикалық және бактериологиялық зертхана құру және диагностикалық қызметтерді көрсету.

4. Берілетін диагностикалық жабдыққа қойылатын талаптар:

– жабдық толық автоматтандырылған болуы керек;

– жоғары өнімді;

– тестердің кең мәзірімен;

– үлгілер ағынын өлшеу кезінде де, авариялық үлгілерді өлшеу кезінде де жоғары сапалы нәтижелер көрсетіп, пайдалану оңай болу керек.

5. МЖӘ жобасын іске асыруға мүдделі әлеуетті жеке әріптестер өздері туралы негізгі ақпаратты көрсете отырып, осындай жобаны іске асыру мүмкіндігі туралы баламалы ұсынысты, оның ішінде:

– әлеуетті жеке серіктестің аты-жөні мен мекенжайы;

– мемлекеттік тиесілігі (заңды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін);

– заңды тұлғалардың басшылары мен меншік иесері және әлеуетті жеке әріптесті білдіретін тұлғалар туралы мәлімет;

– хирургиялық жабдыққа меншік құқығын растайтын құжаттар.

6. Әлеуетті жеке әріптестерге қойылатын талаптар: Заңның 32-бабында айқындалған жалпы біліктілік талаптарына, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес келу үшін әлеуетті жеке әріптес қызметкерлерінің халықаралық ұйымдардан зертхана саласындағы сапа менеджменті сертификаттары болуы тиіс (WHO Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, CLCI клиникалық және зертханалық стандарттар институты).

Әлеуетті жеке серіктес ДДСҰ тәлімгерлері үшін ұсынылған SARS-CoV-2 сынақ зертханаларының тізімінде болуы керек.

Құжат қабылдаудың соңғы мерзімі 2022 жылдың 18 қыркүйегіне дейін.

Жобаға қатысуға қызығушылық танытсаңыз, толығырақ ақпарат алу үшін «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ-не мына мекенжай бойынша хабарласуға болады:

Телефон: +7 (727) 228-80-14; e-mail: praliev1972@mail.ru

Мекенжайы: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 555.

Уәкілетті тұлға – Пралиев Талғат Мұратұлы.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

КИНОКЕҢІСІТІК

«ӨЛІАРА»

толықметражды көркем фильмінің
монтаждау-әрлеу кезеңі басталды



Нұржамал
ӘЛШЕВА



Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша түсірілген ашаршылық туралы «Өліара» атты толықметражды көркем

кем фильмінің монтаждау-әрлеу кезеңі басталды.

«Өліара» былтырғы 28 қазан мен 7 желтоқсан аралығында Алматы облысында өтті. Енді биылғы шілдеден кинокартинаның монтаждау-әрлеу кезеңі басталды.

Фильмнің сценарий авторы – Нұрлан Санжар, қоюшы-режиссері – Мажарстан Республикасының тумасы Тамаш Тот. Фильм XX ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық қасіретін баяндайды.


«Картинаның сюжеті бойынша Иштван Мадьяр «саяси кінәсін» өтеу үшін қазақ жеріне жіберіледі. Ол Қарабайдың жедел отрядына түсіп, кулак малын жедел іздеумен және тәркілеумен айналысады. Сол кезде өз көзімен ашаршылық пен жауынгерлердің қатыгездігін көріп, төңкеріс туралы көзқарасын өзгертеді. Иштван жергілікті тұрғындарға жақтасып, солармен бірге қызыл озбырлықпен күресуге тырысады. Бас кейіпкер аман қалып, қазақ халқының ұлы қасіреті туралы шындықты жеткізуге бар күшін салады», – деді фильмнің атқарушы продюсері Жансерік Шонаұлы.

Фильмге екі елдің танымал актерлері қатысқан. Басты рөлдерде Мажар елінің театр және кино актері Питер Барна, белгілі қазақстандық актерлер Алдабек Шалбаев, Ержан Нұрымбет және басқалары ойнаған.

Картина үлкен экрандарға 2023 жылы шығады.

«ӨМІР»

сүйіспеншілікке,
құштарлыққа
толы



Эмир Байғазиннің «Өмірі» Торонтодағы әлемдік деңгейдегі кинофестивальде көрсетіледі. Фильм 8–18 қыркүйек аралығында Scotiabank 5, 10 және Paul & Leah Atkinson Family Cinema кино-

театрларында «Заманауи әлемдік кино» секциясында ұсынылады.

Арман-мақсаттар туралы фильмнің түсірілімі Алматы шаһарында, Оңтүстік Қазақстан облысы, Ақтау және Паттайяда (Тайланд) өткен.

«Бұл фильмнің идеясы мен тарихы маған он жыл бұрын алғашқы картинамын түсіріліміне дайындалып жатқанда келген болатын. Кейіпкердің басына түскен сан қилы қиындықтарға қарамастан, бұл фильм өмірге деген сүйіспеншілікке, құштарлыққа толы деп ойлаймын», – дейді режиссер.

Фильмдегі басты рөлді Еркебұлан Тасынов сомдады. «Өмірдің» түсірілімі 2019 жылдың күзінде басталған. Оператор-қоюшы Эмир Байғазиннің өзі.



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Aqshamy» ЖШС.

almaty-aqshamy@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Өфсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



КЕРЕК КЕҢЕС

ЖЕМІС АҒАШТАРЫН
БАПТАЙМЫН ДЕСЕҢІЗ...Ақтолық
ТҮРЛҒАЗЫ

Жыл сайын көктем, күз мезгілдерінде әкеміз ағаш отырғызуды әдетке айналдырған. Бұл шаруаға отбасымызбен араласатынбыз. Алма, өрік, шие, алмұрт сынды жеміс ағаштарының бірлі-екілі түрін отырғызатын едік.

Жыл сайын су құйып, баптауға ерініп, тезірек жеміс беретін ағашты неге отырғызбайсыз дегендей кіжінетінбіз. Өздеріңіз білетіндей, бір ағаштың жеміс беруі 1-2 жылдың ішінде бола қоймайтын процесс. Жақсы күтімнің арқасында өседі дегендей. Бұрындары балалықпен суармағанымыздан ба, әлде ауа райының қолайсыздығының әсері ме, ағаштарымыз жартылай қурап қалатын. Кей кездері өспей, сол қалпы қалатын. Жеміс берген күннің өзінде санаулы түйін тастайтын.

Соңғы уақыттарда, көктемде қыстың ызғары кетпей, жеміс ағаштарының біразы үсіп қалатын. Осылайша қатарынан 4 жыл біздің ауыл жеміссіз қалды. Бұл құбылыс тек бізде ғана емес, еліміздің біраз аумағында байқалды. Алайда, табиғаттың тосын құбылысынан ауыл адамдары тосап, кептірілген жеміс, компот секілді қыста азық болатын дүниелерден қағылды. Дегенмен, қалтасында қаржысы барлар базардан керекін ала алды. Бұл жағдайды асыра пайдаланған саудагерлер де бағасын шарықтатып, өз білгендеріне салды. «Жемістер сонау Ташкенттен келеді, бізді де түсініңіздер» деген сылтауды желеуге айналдырды. Содан не керек, былтырдан бастап күннің жылуының арқасында ол күндерді де артқа қалдырдық. Алайда, берген жемістерді құрт басып, құстардың өздері-ақ талан-таражға салды. Осы кезде ағашқа ерекше күтімнің қажет екендігін ұғындық. Бұрынғыдай еге салсаң жаңбырдың суымен тап-таза өсе қалатын жеміс ағаштарының жоқ екендігіне көзіміз жетті. Осы орайда ағаштарды қалай күтуге болатындығы жайлы лайфхактармен бөлісек.

Ағашты қалай өсіру керек?

Көшеттерді тандауда аса мұқият болыңыз. Оларды өзіңіз жақсы танитын бағбандардан сатып алғаныңыз дұрыс. Себебі, кей көшеттерде зиянкестер қатар жүреді, наукастанғанып қалуы бек мүмкін. Айтпақшы, ағаш отырғызу көктемде де күзде, сәуір, қазан айында суық ауа райының басталуынан 15–20 күн бұрын жасалуы қажет.

Ағаштарды отырғызбас бұрын алдымен оның қайда өсетінін шешіп алуыңыз керек. Біріншіден, жаңбыр суы жиналатын жерде шұңқырлар болмауы керек. Екіншіден, оны жақсы жарықтандыру керек. Үшіншіден бір ағашты отырғызған жеріңізге қайта көшет отырғызуға болмайды. 5-6 жыл өтуі керек. Шынында, ағаштардың топырақтан өзіне қажет барлық микроэлементтерді алуы, сонымен қатар зиянкестермен күресе алуы қажет. Төртіншіден, топырақ борпылдақ және қоректік, сазды немесе құмды болуы керек, егер басқа мүмкіндік болмаса, оны кем дегенде қопсытып немесе сәйкесінше тығыздау керек.

Көшеттер арасындағы қашықтық та маңызды. Егер сіз бірнеше ағаш отырғызғыңыз келсе, онда жасы ұлғайған сайын кеңейе түсетінін ұмытпаңыз, ал егер тәждер бір-біріне кедергі жасай бастаса, онда бұл жақсылыққа әкелмейді. Үлкен ағаштар бір-бірінен кемінде 3 метр қашықтықта отырғызылуы керек.

Ағашты отырғызатын шұңқырларды да даярлап алуды естен шығармаңыз. Олардың көлемі ағаштың тамыр жүйесінен үлкенірек болуы міндетті. Екі апта қалғанда топырақты

МАМАН КЕҢЕСІ:

Сейітқазы ӘЛІБАЕВ,
агроном:

Бағыңыз жақсы өнім беруі үшін оған тиісті күтім қажет. Алма егуде арақашықтыққа емес, қыста және күзде қырку жасауға мән беріледі. Өнім беретін бұтақты қалдырып, қатты өсіп кетеді дегендерді қырқып отырамыз.

Ағашты жаңа маусымға дайындауға ерте бастан кірісеміз. Күзде ағаштың өсуіне қарай алма ағашының бөрікбасын қалыптастырып, қысқартып қияды. Егер қырықпаса, ағаш жақсы өспейді. Жас өркендерін кескеннен кейін олардың бойлай өсуі бәсеңдеп, жанама өркендердің өсуі артады. Алма ағаштарының жас өркендері жаз бойы 1-1,5 метрге ұзарып өседі.

Жеміс ағаштарын қалай өңдеу керектігін білген маңызды. Бақ зиянкестерімен күреске арнайы дәрілерді қолданамыз. Алма ағашы ауруларының алдын алу мен емдеу де қажетті шара. Ағаш діңінің айналасын айнал-



қопсытыңыз. Құнарландыру мақсатында қарашірікпен немесе шіріген көңді қоссаңыз да болады. Көшеттерді шұңқырға салмас бұрын, оны жақсылап суарыңыз.

Сонымен, шұңқырлар дайын болған кезде, процеске кіріс-сеңіз болады. Солтүстік жағында көшет күшті болғанға дейін тіреуішті орнатқан дұрыс. Ағашты тесікке түсіріп, тамырларын мұқият түзетіп, содан кейін оларды топырақпен толтырыңыз. Тамырлардың арасында ауа қалмағанына және барлық бос жерлер топырақпен жабылғанына көз жеткізіңіз. Діңгектің аяқталатын жері мен тамыры басталатын жер, яғни ағаштың тамыр мойны жер бетінен сәл жоғары болуы керек. Тамырларды топырақпен себуди аяқтағаннан кейін оны тығыздап, көшеттерді тігінен тұрғызып, оны шегемен байлаңыз. Содан кейін топырақты мол суарып, кішкене (2 см) қарашірік қабатын салыңыз.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК



Ағашты будандастырып, нәтижесінде бірнеше жемістің түрін алу тәжірибесі агрономия саласында ертеден қолданылып келеді. Нью-Йорктегі Сиракуз өнер универси-

тетінің оқытушысы Сэм Ван Акен будандастыру арқылы бір ағаштан қанша жемістің түрін алғанын білесіз бе? Түп-тура 40. Көп текті ағашта өрік, шабдалы, алхоры, шие, бадам, алма және алмұрттың бірнеше түрі өсіп тұр. Әр жемістің пісетін мезгілі әртүрлі болғандықтан ағаш жыл бойы жеміс береді. Жыл бойы ағаштың бойында ақ-қызыл түске боялған түрлі гүлдер өсіп тұрады. Селекционер Сэм көп жеміс беретін 16 гибрид ағашты будандастырған. Оларды Нью-Йорк саябағынан, мұражайлардан және де әлемнің түкпір-түкпіріндегі сауда орталықтарынан көруге болады.

Біз ағашты қалай отырғызуды білдік, бірақ оны өсіріп, жеміс беру үшін оны қалай күту керек? Біріншіден, ағаш көктемде отырғызылған болса, ағашты күннен, ал егер күзде отырғызған болсаңыз, кеміргіштерден қорғауыңыз керек. Ағашты ағарту арқылы көшеттерді күннің күйіп қалуынан қорғауға болады. Кеміргіштерден құтылу үшін бөшекелерді пластикалық тормен орап, улы жемді айналасына шашыратыңыз. Ағаштар қанша жаста болғанына қарамай үнемі күтім жасау керек. Ерте көктемде аяздан зақымдалған жерін алып тастау керек. Егер ағаш жарақат алған болса, онда сіз зардап шеккен аймақты тазалау, зарарсыздандыру арқылы емдеуіңіз керек. Сонымен қатар, мезгіл-мезгіл тыңайтқыштар жасап, ағашты зиянкестерден қорғауды ұмытпаңыз.

Түр-түрге бөлінеді

Жемістерді әртүрлі топтарға, түрге жіктеуге болады. Жемістері мен ішіндегі дәндері бар ағаштар сүйекті жемістер деп аталады. Бұл өрік, зәйтүн, манго немесе шие жемістері.

Сонымен қатар, жемістері бірдей болатын ағаштар да бар, тек олардың сүйегі жоқ, бірақ тұқымдары жемістердің ішінде шоғырланған. Олардың қатарына алма ағашы, алмұрт ағашын жатқызуға болады.

Цитрус – рута тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаштар, кейде бұта; шырынды жемістер беретін мәңгі жасыл өсімдіктердің үлкен тобы. 60-тан астам түрі, тармағы бар. Апельсин, грейпфрут, мандарин, лимон көбірек тараған, ал басқалары цитрон, бигарадия, помпельмус, шеддок және т.б. аз тараған. Цитрус дақылдарында витамин көп. Жемістерінен сусын, тосап, джем, компот, цукат жасалады, лимонад, ликерге қосылады. Жеміс қабығынан алынатын эфир майы әтірге, иіссүлар қосылады.

Цитрустың көптеген түрі ылғалы мол тропиктік және субтропиктік аймақтарда өседі. Жекелей тоқтала кеткеніміз жөн болар.

Өрік қуаңшылыққа мейлінше төзімді, өрікті оңтүстік беткейлерге орналастыра беруге болады, ал шабдалы оңтүстік-шығыс, оңтүстік және батыс беткейлерде, соның ішінде өте-мөте ылғалды учаскелерде жақсы өседі.

дыра жылма-жыл қопсытып қазып, ағаш түбіне органикалық және минералды тыңайтқыштар шашып отырамыз. Сонда түптенген діңнің өсуі, тыныс алуы жақсарады. Алма зиянкестері алма ағашының жапырағын ширатып, гүлін, жапырағын жейді. Олардың дернәсілдері жас өскіндердің тамырын қорек етеді. Жеміс бағына орасан зиян келтіреді. Бұлардан құтылу үшін жеміс ағаштарының түбін ағарту, төңірегіндегі топырақты қопсытып отырамыз.

Бақты мерзімінде суарып отырған маңызды. Жеміс бағын сынған бұтақтардан, түскен жапырақтардан тазартудың маңызы зор. Тазартылған аумақты қабық-жесі, зерқоңыз, сүген тәрізді зиянкестер паналай алмайтын болады. Алма кенелерін жеміс ағашы гүлдеп болған соң және жапырақта кененің 2-4 дарағы байқалған жағдайда дәрілеу арқылы жояды. Піскен жемісті дер кезінде үзіп алмаса, келесі жылға гүлдейтін бүршіктер нашар болып қалуы мүмкін. Бір жағынан ағаш демалады. Әрі бұтақтарының қабықтары қалыңдап, қысқы суыққа төзімді болады.